



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№19

(799)

29 мамыр

2020 жыл

ТҮЙТКІЛ

ДЕЛДАЛДАН АРЫЛУ



«Қараңызшы, қаншама институт бар?! Солардың бәрі ауыл шаруашылығына деп бөлінген қаржының есебінен күн көріп отыр. Ақша (қолдан-қолға өтіп) шаруаға жеткенше қай заман? Ешқашан да жетпейді!». Мәжіліс депутаты Жексенбай Дүйсебаев фермердің жанайқайын осылай жеткізген. Ол қаптаған қаржы институттарын кәдімгі делдалмен салыстырып еді. Оның әріптесі Роман Ким «ҚазАгро» туралы сөз қозғалғанда «Олар мемлекеттен бөлінген ақшаны екінші деңгейдегі банкке салып, қып-қызыл пайда тауып отыр» деді. Одан бұрынырақ экономист-депутат Гүлжан Қарағұсова мұндай мекемелердің делдалдық қызметін қазына қаржыландыратынын айтып, «Бұл мемлекетке қаншалықты тиімді?» деген сауалды көлденең тартып еді.

Бұл жетіде депутат Аманжан Жамаловтың сын садағына «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры ілікті. Мәжілісмен «Банк жобаны өзі тандап, өзі несие береді. Ал Даму қоры ақшаны бюджеттен алып, субсидияны банкке аударады. Ашығын айтқанда, «Даму» қоры – бюджет пен банк арасындағы жай ғана делдал» деп айтып салды.

Депутаттар тарапынан айтылған сын-пікірлердің арасын азғантай ғана уақыт бөліп тұр. Әуелгісі – коронавируске дейін. Бюджеттің бүйірін солдырмаған мұнай бағасы имантаразы боп тұрған кез. Содан шығар, пәлендей талқыға түспеді.

Ақша тоқтаусыз ағылған ажарылқап заманда қызметі ақша аударудан арыға бармайтын мұндай мекемелердің көбейіп кеткені әмбеге аян. Мұның себебін түсіндірген экономика сарапшысы Қайырбек Арыстанбеков былай дейді: «Біз еліктегіш халықпыз. Еңбекпен келмеген қаражатты (оңай) жұмсау әдетке айналып барады. Сондықтан оны тоқтату керек».

Ал қазір қалтаның түбі тез көрінетін, қазекен айтпақшы, көрпеге қарап көсілетін кезен. Бұрынғыдай ырғын ақша жоқ. Тек мемлекеттік емес, квазимемлекеттік сектордағы шығынды да онтайландыру керек. А.Жамалов мәселені осылай төтесінен қойды. Ол 371 қызметкері бар әлгі қордың екі жыл бұрын түрлі кеңес

берушілерге 49 млн тенге жұмсағанын жария етті. Бұдан «осының не қажеті бар еді?» деген сауалдың құлағы қылтып тұрғанын байқау қиын емес. Миллиардтаған қаржы жұмсалғанын тілге тиек еткен депутат «Осы жобалар экономикалық және әлеуметтік пайда әкелді ме? Бұл сұраққа бірнеше жылдан бері жауап жоқ» дейді. Қор өкілі бұл сынға «Депутаттың дерегі ескі» деп жауап берді.

Мәжілістен атқарушы билікке жолданған сауалда осы қор қаржыландырған жобаларды тәуелсіз сараптаудан өткізу ұсынылды. Әсіресе, сын-ескертпенің квазимемлекеттік сектордағы өзге құрылымдарды қамту қажеттігі айрықша атап өтілді. Осы аптада Президент Қ.Тоқаевтың Жарлығымен құрылған Экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия қаржыны тиімді пайдалануға мән беруі тиіс. Мемлекет басшысының өзі де қазынадан бөлінген ақшаны тиісті жерге шашаусыз жетуді керектігін талап етті.

Аузы дуалы мамандар айтады: тәжкеселден кейінгі кезеңдегі әлемдік экономика мен қаржы прагматик көзқарас пен ұтымды ұстанымға арқа сүйегенде ғана тығырықтан шығар жол табады. Біздің үкіметтегілер де осы жолмен жүреді деп үміттенейік.

Срайыл СМАЙЫЛ

ӨЗЕКТІ

Мұнайда жұмыс істейтін ағам бар еді. Вахталық жұмыстың тәртібі сол: үй бетін жылына үш-төрт рет қана көреді. Биылғы карантин ағамды үйіне жіпсіз байлады. Наурыздың ортасында келген. Содан бері әлі жатыр. Өмірі балаларының сабағына қарамайтын жан еді. Үйде жатқан соң не істейді? Бір күні 1-сыныпта оқитын қызының оқулығын ашыпты. Онлайн-сабақ басталғалы беріміз мектепке қайта барғандай болып жүргенбіз. Маған қоңырау шалып тұр:

– Балаң қалай оқып жүр? 1-сыныптың есебін жеңген екеуіміз әрең шығардық.

– Есеп шығарғаны несі? Қызың өзі ше? – деп күлдім.


– Қызым түглі, политехтің тау-кен ісі мамандығын оқыған менің басым қатты. Жеті жастағы бала қалай ұқсын?

– Ол қандай есеп?

– Математика пәнінің тест сұрақтары. Бала емес, біздің өзіміз әрең шығардық. Сенесің бе, 100 балдық есептен 67 балл алдық.

– Сонда нені түсінбей жүрсіңдер?

– Қайсыбірін айтайын? Мәтіндік есептің мазмұны түсініксіз. Салмақ, масса, жылдамдық, уақыт, периметр, ауданы, көлемі дегенді әліппемен кеше ғана танысқан оқушы түсіне ме? Өрнектік есептердің өзі жеті жастағы балаға ауыр. Жүзге дейінгі сандарды жаңадан үйренген оқушы өрнектің мәнін қалай табады? Журналистсің ғой. Осыны жазсаңшы, – деп оқулықты мен жазғандай ренжіді.



ОҚУЛЫҚ ОҢБАСА, ДҰРЫС БІЛІМ БОЛА МА?!

Мұны неге айтып отырмыз? Оқулықтың сапасыздығын, баланың жасына қарай жазылмайтындығын, мазмұндық, мәтіндік қателіктің көптігін айтып, Jas qazaq газетінде талай жазғанбыз. Бірақ соның қаперге ілген құзырлы мекемені көрмедік. Асхат Аймағамбетов басқаратын білім және ғылым министрлігі қазақ баспасөзінде айтыла-айтыла жауыр болған жартықеш оқулық жайына бас қатырса қанекі!

Осы аптада оқулықтың сапасыз екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі айтты. Ол олақ оқулық дайындайтындардың жауапкершілігін заңнамалық түрде бекітуді тапсырды. Президент ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында: «Елімізде оқулықтардың сапа мәселесі жиі көтеріледі. Білім сапасы айналып келгенде оқулықтың сапасына байланысты. Бұл – аксиома. Сол себепті ғылыми-практикалық сараптамаға қойылатын талапты едәуір арттырып, оқулықтардың апробациясын түпкілікті түрде көтеру керек. Бұл – білім және ғылым министрлігінің міндеті. Мен тіпті оны басымдыққа ие тапсырма деп айтар едім», — деді. Одан ары Мемлекет басшысы: «Заңнамалық түрде сол оқулықтарды жазатын адамдардың жауапкершілігін бекітуді тапсырамын. Нашар оқулық дайындады ба, жарамай қалды ма — оны жазған адам жауапкершілігін көтеруі керек. Басқаша болмайды», — деп кесіп айтты.

Оқулықтағы олқылық демекші, қайбір жылы оқулыққа жауапты әлдебір баспа қызметкерлері өз іштеріндегі былықтың бетін ашып, оқулықты Қырғызстанда жаздыратынын жайып салған болатын. Себебін сұраған тілшіге: «Қырғызстанда еңбек күші арзан, қаламақы аз төленеді» деп түсіндірді. Сонда біз қазақтың білім жүйесінен хабарсыз авторлар жазған оқулықпен қанша мың баланы оқыттық? Санын айту қорқынышты.

(Жалғасы 2-бетте)

АТА КӘСІП

БІЗДІҢ СИЫРДЫҢ ШАМАСЫ



Қазір малдың тұқымы тозып кеткен. Еуропадағы талап бойынша бір сиыр жылына 10 мың литр сүт беруі керек. Ол дегеніміз күніне 33 литр сүт деген сөз. Күніне 33 литр сүтті 200 теңгеден есептесеңіз, бір сиыр 6000 теңге кіріс кіргізеді. Ал біздің сиыр 5 литрден артық бермейді. Ары кетсе 10 литр, сонымен бітті.

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

34,69



DOLLAR

412,10



EURO

454,34



РУБЛЬ

5,82



Ольга ПЕРЕПЕЧИНА, Сенат депутаты:

«Соңғы 20 жылда Қазақстаннан оффшорға 140 млрд доллар аударылды»

БИЛІК

Сәрсенбіде ел Президентінің қатысуымен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысы өтті. Бұл басқосу, негізінен, денсаулық сақтау мен білім беру саласының мәселелеріне арналды. Жиында Мемлекет басшысы осы аталған салаларды одан әрі реформалау бойынша нақты ұстанымын жария етті. Біз осы жиында

БІЛІМСІЗ ҰАТ АЛЫСҚА БАРМАЙДЫ

Президент үнемі ашықтық қағидатын ұстанып келеді. Қазіргі оқшаулану жағдайында

TIMSS және PISA халықаралық зерттеулердің көшбасшы мемлекеттерінде – Финляндия, Оңтүстік Корея, Жапония және Сингапурда – мұғалімнің беделі өте жоғары. Ең алдымен, бұл жоғары еңбекақыдан

ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ



айтылған маңызды мәселелер бойынша депутаттардың пікірін ұсынып отырмыз.

ЗАҢМЕН БЕКІТІЛУІ КЕРЕК

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі өзекті мәселелерді уақытылы көтеруімен ерекшеленіп келеді. Бұл Президент айтқан «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының іске асып отырғанының көрінісі. Себебі, қоғамдық мәселелердің көшеде емес, осындай кеңесте дер кезінде талқыланып, шешімдердің ұсынылуы өте маңызды деп есептеймін.

Президенттің нақты тапсырмалары заң нормаларында көрініс табуы керек. Сондықтан биыл Парламентке осы аталған мәселелерді қамтитын бірнеше заң жобасы келіп түсуі мүмкін. Мысалы, білім саласына қатысты, оның ішінде ЖОО оқытушыларының жалақысын, педагогикалық мамандықтар бойынша білім алатын студенттердің шәкіртақысын көбейтуді көздейтін заңдар әзірленуі мүмкін.

Қазірдің өзінде Мәжіліске ғылым мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заң жобасы келіп түсті. Сондықтан Президенттің көтерген бастамалары мен берген тапсырмалары заң нормаларымен бекітілуі керек.

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,
Сенат депутаты

қоғамның өзекті мәселелерін шешуге тағы да баса мән берді.

Ұлттық кеңестің кезекті отырысы адами капиталды дамытуға, атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау мәселелеріне арналды. Бұл тегін емес. Өйткені аталған екі саланы мемлекеттің тірегі десек те, жүрегі десек те болады.

Кез келген мемлекеттің негізгі капиталы — адам. Адам мен қоғам — бір бесікте тербеледі. Мемлекет адамдардың кәсіби біліктілігі мен адами құндылықтарына арқа сүйейді.

Білім мен денсаулық — ең үлкен байлық. Ұлттың негізгі құндылықтарының арасында бұл екі ұғымның мәні де, мағынасы да ерекше. Пандемия жағдайында адамға не керек екені белгілі боп қалды.

Барша адамзат баласы білімге ұмтылады. Кез келген елдің білім беру деңгейі — экономикалық және ғылыми-техникалық прогрестің ең негізгі көрсеткіші. Бұл мемлекет пен қоғамның қарышты дамуының негізгі кепілі саналады. Білім беруде олқылық кетсе, салдары өте ауыр болады. Қисық ағашты кесуге, түзетуге болар. Надандықты кайтпй түзейміз? Бұл — созылмалы ауру секілді. Ал оның зардабын бүкіл ұлт тартады.

Білімі нашар ұлт ұзаққа бара алмайды. Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл жөнінде өте жақсы айтты. Осы саладағы кез келген олқылық мемлекеттің бәсекелестік қабілеті мен ұлттың болашағына салқынын тигізеді. Сондықтан білім беруді дамыту және жетілдіру — қазақ үшін ұлттық мәні мен маңызы бар міндет.

Қазақстанның стратегиялық негізгі міндеті — елімізді мейлінше бәсекелестікке бейім 30 елдің қатарына қосу. Бәсекелестікке қабілетті 30 елдің қатарына енуді жаһандық бәсекелестікке бейімділік индексінің негізінде бүкіл экономикалық форумның (*ИТК*) рейтингі бойынша анықтайды екен. Индекстің 10 көрсеткішінің екі көрсеткіші елдегі білім берудің дамуы мен сапасына қатысты.

байқалады. Мәселен, фин мұғалімдері білім беру саласындағы қазақстандық қызметкерлерден 9-14 есе артық еңбекақы алады. Президент үздік ұстаздар еңбегін бағалау мен құрметтеудің бірқатар шараларын атап көрсетті.

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері Рауан Кенжеханұлы Қазақстан мектептерін бір ауысымға көшіруді ұсынды. «Қазақстанда білім беру сапасын арттыруға басты келергі мектеп жағдайы деп ойлаймыз. Нақтырақ айтсақ, Қазақстанға мектеп жетіспейді. Қазіргі таңда еліміздегі 7400 мектепте жалпы саны 3,5 миллионнан аса бала бар. Оның 70 пайызы екі ауысымда, ал 200 мың бала үш ауысымда оқиды. Біздің есебімізше, орта білім беру жүйесін толықтай бір ауысымға өткізу үшін Қазақстанға шамамен 3 мыңдай жаңа мектеп қажет. Әрине, мұндай аса ауқымды мәселені мемлекет тек өз күшімен тез арада шеше алмайды. Біздің ұсынымыз — мектеп салуға жеке қорларды кеңінен тарту», — деді.

Денсаулықсыз — дүние бос. Пандемия жағдайында біз үлкен сынақтан өтіп жатырмыз. Қазақ жастары қайратты, парасатты болуы тиіс. Кең-байтақ Қазақстанды қорғау, сақтау, дамыту — қазақтың арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты азаматтарының қолында және мойнында болуы керек.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен ұлттық кеңестің екінші отырысында берген тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарының 11 бағыты толықтай орындалған еді. Кеңес жұмысын қорытындылаған Мемлекет басшысы бұл жолы да бірқатар нақты ұсыныстар жасап, тиісті тапсырма берді. Алдағы уақытта бұл бағыттар бойынша да оң нәтижелерге қол жеткіземіз деп сенемін.

Нұртөре ЖҮСПІ,
Сенат denyтам



ОҚУЛЫҚ ОҢБАСА, ДҰРЫС БІЛІМ БОЛА МА?!

(Басы 1-бетте)

Сапасыз оқулық қайдан шығады? Қарт педагог Ерсайын Ерғожа біздің басылымға берген сұхбатында: «Сапасыз оқулық осы салаға жауапты баспалардың мемлекеттің тендерді әртүрлі жолдармен ұтып алып, білімсіз педагогтарға аз қаламақы төлеп жаздыруынан шығады. Оқулықты бір-екі педагог жаза алмайды. Оны ыңғай білікті ұстаздардан құралған команда жазуы керек. Оның өзін қоғам талқысына салып, елеп-екшеп, баланың психологиясына, оқушының білімді игеру мүмкіндігіне лайықтап, барлық артықшылық пен кемшілікті ескере отырып жазу керек. Сонымен бірге, оқулықты көкпар қылмай, бір ғана баспаға жауапты етіп берген жөн. Олай болмағанда, әр қала, аудан, ауыл әртүрлі баспаның өнімін пайдаланып, білім де ала-құла болып бара жатыр», — деп жанайқайын жеткізген еді.

Бір баспа демекші, қытай мектептері бір баспаның, бірлескен автордың оқулығымен оқитынын сол жақтан келген педагогтар айтып, жазып жүр. Ал біздегі кей оқулықтын

Ресейден көшіріп алынғаны ішіндегі мысалдардан-ақ көрініп тұрады.

Оқулық онбаған соң, білім қайдан сапалы болсын? Қала түгілі, аудан орталығынан университет ашып, білімді бизнеске айналдыратындар көбейіп кетті. Оқу-материалдық базасын айтпағанда, дені дұрыс оқытушысы да жоқ ондай білім ошақтарының біразы жабылды. Бірақ әлі де бар. К.Тоқаевтың өзі «Диплом басып бере беретін жоғары оқу орындарын жабу қажет. Білім сапасын арттыру үшін мен жоғары оқу орындарына қойылатын талапты қатандатуды тапсырған едім. Жалған диплом беретін кеңселер біздің жүйемізде мүлде болмауы тиіс», — деді.

Шындығы сол — бізде білім беруден гөрі, дипломды ұстата салатын оқу орны көп. Мұның бәрі мектептегі бөркемік білімнің салдары. Кім көрінген мұғалім болатын жүйенің кесірі. Оған қате жазылған оқулықты қосыңыз. Күні ертең білімсіз шәкірттен біліксіз маман шығады. Сондықтан «самопал» диплом сапалы білімнің көрсеткіші болмайтынын түсінетін кез келді.

Жарас ШӨКЕ

Нұрлан НЫҒМАТУЛИН, Мәжіліс төрағасы:

«Жұмыстан шыққан адам үйіне жеткенше жолдағы он шақты кеңсе (*букмекерлік*) арқылы өтеді. Қолындағы ақшаны соған тастап, үйіне қалтасы бос қайтады. Егер ойнағысы келсе, көлікке отырып, тиісті аймаққа (*Бурабай, Қапшағай*) барып ойнасын. Депутаттардың ұсынысы бойынша, қосымша үш ойын аумағын ашу туралы норма алынып тасталды».



Сәкен ӨТЕБАЕВ, Мәжіліс депутаты:

«Букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың қассалары Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауына және Ақмола облысының Бурабайдағы екі ойын аумағына көшіріледі. Сонымен қатар туысқандарының өтініші бойынша, құмар ойынға салынғандар мен бөс тігетіндерді сот мүмкіндігі шектеулі деп танитын болды».

Әлеумет.t⁰ «МАСКА-ШОУ»

Коронавирустан сақтанудың үш жолы туралы карантин басталғаннан айтылып келеді. Бұл — қашықтық сақтау, қолды жиі жуу және көпшілік жерде беттерде тағу. Денсаулық сақтау министрі Е.Біртанов қолды қалай жуу керек екенін де көрсетіп берді (*соған қарап ХХІ ғасырдың адамдары сабын мен судың не үшін керек екенін ұмытып қалған ба дейсің*). Ал маска, қазақшалап айтсақ, беттерде тағуға келсек, осы бір қарапайым ереженің төнірегінде сөз көп.

Өзге елге қарасан, «тағындар» десе тағады, артық сұрақ қоймайды. Бізде қызық, Бас санитарлық дәрігерлер брифинг өткізсе, тілші қауым «көшеде такпаса бола ма» деген сияқты болмайтын сауалдарды қойып, әлгілердің есін шығарады. Содан «маска-шоу» басталды дейсің! Тазалық саласына жауапты мамандардың айтқаны да бір жерден шықпайды ғой. Мәселен, Алматының бұрынғы бас санитарлық дәрігері Айзат Молдағасымова «Эпидемиолог ретінде көшеде тағуға сонша бір қажеттілік бар деп ойламаймын. Ал жабық жерде маска тағу профилактиканың бір түрі» деген.

Кейін осы орынға келген Жандарбек Бекшин де 22 сәуірдегі брифингте «бетпердені көшеде тағудың қажеті жоқ» деп мәлімдеді. Оның айтуынша, біріншіден, беттерде тапшы, екіншіден, сатып алуға кейбіреудің қалтасы көтермейді, үшіншіден, дымқыл ортада вирус көбейеді. Әйтсе де, ертеніне ол «БАҚ өкілдері мені дұрыс түсінбеді, міндетті түрде тағындар» деп Facebook парақшасында ақталды.

29 сәуірде тағы да сол Бекшин мырза «Қорғаныс маскаларын тағу ережесінде» жабық орыннан басқа жерде де беттерде тағуға кеңес берді. Себебі адам кір қолын (*балкім, mimi вирус ұстап қойған*) бетіне жүгірте береді екен. Дегенмен бұл кеңес түрінде айтылды, яғни такпағандарға әкімшілік жаза қолданылмайды.

Осы аптада еліміздің Бас санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова тек жабық орында ғана емес, барлық жерде маска тағып жүру қажеттігін ескертті. Оның айтуынша, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының кеңесі сондай. «Ашық ауада масканы не үшін тағу керек? Себебі біз өзіміз де байқамай бетімізді қайта-қайта ұстай береді екенбіз. Көз, мұрын, ауызды ұстаған кезде инфекция жұқтырып алуын оп-онай», — дейді ол. Өзі де қолын бетіне апармауды барынша қадағаламақ болғанын, бірақ ештеңе шықпағанын жалпақ жұртқа жайып салды. Бұған дейін ДСҰ сау адамға масканың қажеті жоқ деген сияқты еді. Енді ол кеңесін өзгерткен секілді. Сондықтан біздің мамандар ешкімге жалтақтамай, әу бастан маска тағу мәдениетін енгізгені дұрыс еді. Бірауыздан «маска тағындар, күні-түні шешпендер» десе де, біздің адамдар ол ережені орындайтын еді. Өйткені көпшіліктің тәртіпке көнетіні карантин кезінде анық байқалды.

Ақыр соңында мынадай шешім шықты: көшеде беті ашық жүргендерге айыппұл салынады. Жеке тұлға - 5 АЕК (13 890 теңге), ал клиенттерді маскасыз кіргізген кәсіпкер 100-500 АЕК аралығында (*277 900 — 1,3 млн теңге*) айыппұл төлейді. Алматы әкімінің орынбасары Ерлан Қожағапанов көшеде де, жабық орындарда да беттерлесіз жүргендерге айыппұл салынатынын мәлімдеді. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев та карантинді қайта күшейтуге тура келетінін ескертті. Бұлай алаңдауға негіз де жоқ емес. Елімізде вирус жұқтырғандардың 70 пайызында ауру белгілері білінбеген. Олар жоғарыда айтылған сақтық шарасын қолданбаса, басқаларға жұқтыру қаупі өршитіні белгілі.

Қазір көшеде жүргендердің бәрінде беттерде бар. Құн ыстық болған соң көбі иегіне түсіріп қойған. Вирустан сақтану емес, «менде маска бар» деу үшін тағады. Онсыз ешқайда кіргізбейді. Қарап отырсақ, ол да бір өзінше «маска-шоу». Өзін де, өзгені де қорғау үшін емес, әшейін көзбояушылық. Әркім денсаулығына өзі жауапты дейтін шығар. Әйтсе де, бүгінгі жағдайда біз басқалардың да денсаулығына да жауаптымыз. Соны ұмытпайық.

Гүлнар АХМЕТОВА

Инфографика

ТӨРТ-ТҮЛІКТІҢ ЖАЙЫ

		2000 ж.	2010 ж.	2019 ж.
СИЫР		4,1 млн	6,2 млн	7,4 млн
ҚОЙ		10 млн	18 млн	19,1 млн
ЖЫЛҚЫ		976 мың	1,5 млн	2,8 млн
ТҮЙЕ		98,2 мың	169,6 мың	217,8 мың

Дереккөзі: stat.gov.kz

Мәселе

Қазір табиғи сүт ішудің өзі мұң болып тұр. Облыста мал басы баршылық. Тек мал өнімдерін іске жаратуда оралымсыздық орын алуда. Ауыл шаруашылығы өндірістің негізгі драйвері болуға тиіс. Жері кең-байтақ, сулы, нулы өлкеде өз-өзін мал өнімдерімен қамтамасыз ете алмай отырған соң не айтарсыз?

Көкшетаудың сауда сөрелерінде көршілес облыстардың, іргедегі Ресейдің сүт өнімдері сыңсып тұр. Басым бөлігі құрғақ сүттен жасалған. Облыстағы малсақ қауымның бағымындағы 420 мың бас кара малдың 16 пайызға жуығы ғана асыл тұқымды. Бәлкім, мәселенің мәнісі осы арада жатыр ма екен. Талдап көрелікші. Өткен жылы облыста 383 мың тонна сүт өндіріліпті. Сүт өнімдерін өңдеумен небәрі 15 кәсіпорын айналысады. Осы кәсіпорындар жыл ішінде 146 мың тонна сүт өнімдерін дайындауға қауқарлы. Тұтынушылардың ішінде Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары да бар. Ірі шаруашылықтардың көпшілігі Нұр-Сұлтан қаласын азық-түлікпен қамтамасыз ету бағдарламасына қатысады. Мәселен, тәулігіне 40 тонна сүт өнімдерін дайындайтын Целиноград ауданындағы «Родина» шаруашылығы барлық өнімдерін Нұр-Сұлтан қаласының сауда сөрелеріне жеткізеді.

Бағымдағы 420 бас кара малдың 138 мыны — сиыр. Бірақ, бір ескере кететін жай, қолда бар кара малдың небары 16 пайызы ғана асыл тұқымды. Қазір облыста тауарлы сүт өндірісімен айналысып отырған ірі 45 шаруашылық бар. Мәселен, «Родина», «Есіл-агро», «Камышенко», «Белағаш» серіктестіктері. Жеке шаруашылықтар

мақсат инновациялық технологияларды енгізу.

Қазір орталыққа бес тауарлы сүт фермасы енгізіліп отыр. Осы заманғы диагностикалық аппарат арқылы мал ауруын анықтауға және емдеуге мүмкіндік мол. Алдымен жұмыстың технологиялық картасы әзірленген. Сауын сиырларды мал азығымен қамтудың толық түзілімі жасалған. Олқы тұстарды анықтайтын аудит жүргізілген. Дегенмен көптеген малсақ қауымның ветеринарлық қызметке қолжетімділігі әлі де мәз емес. Осы себепті Аккөл ауданындағы «Енбек» серіктестігінің базасында дәл осындай орталық жұмысы қолға алынып отыр.

Сауда сөрелерінде құрғақ сүттен жасалған өнімдердің сыңсып тұруының бір себебі, бұл өнімдердің ұзақ уақыт сақталатындығында. Тіпті мұздатқыш та қажет емес екен. Айлап тұра береді. Ал табиғи таза өнім тоназытқышқа салған күннің өзінде 2-3 тәулікке ғана шыдайды. Сондықтан азық-түлік дүкендерінің иелері ұзақ уақыт сақталатын өнімге ұмтылады. Жергілікті өнімнің жолын кесіп тұрған бір жай осы. Екіншіден, ең бастысы, тұтынушының сұранысын толық қанағаттандыра алмау. Ол үшін тығырықтан шығатын жалғыз жол — мал басын өз төлі есебінен асылдандыру.

Біздің

айтпағымыз, облыстың сүт және сүт өнімдерін өндірудегі бар қуаты толық көдеге аспай жатқандығы. Мәселен, жаңа жылдан бері облыста барлығы 62,7 мың тонна сүт өндірілген. Мұның 20,2 мың тоннасы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен шаруа қожалықтарының еншісінде. Ал енді мал сүмесімен күн көріп отырған халық 42 мың тоннаға жуық өнім өндірген. Шамалап айтқанда, барлық сүттің 68 пайызы — халықтың үлесі. Бірақ бұл өндірілген сүт ішкі қажеттілікті толық қанағаттандырғанымен, малсақ қауым айтарлықтай табыс таппайды. Ірі шаруашылықтар болмаса, жекеменшік иелері бағымындағы малдың өнімін сатып, нәтижесін көре алмауда. Себебі, жұмыс дұрыс ұйымдастырылмайды. Мәселен, облыстың елді мекендерінде сүт жинау жұмысы дұрыс жолға қойылмаған.

Егер ауыл адамдарынан сүт сатып алына, елдің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы көп-көрім жақсарып қалар еді. Мәселен, жұмыс жолға қойылған жерде халықтың қолындағы сүтті егер майлылығы 3,5 пайызды құрайтын болса, литрін 99-95 теңгеден сатып алады. Майлылығы одан жоғары болса, 120 теңгеден жоғары өткізе алар еді. Бұл арадағы бағаның қалыптасуы өнімнің тасымалдау қашықтығына тікелей тәуелді.

Сүт зауыттары үшін шалғайдағы ауылдардан сүт тасымалдау өзін-өзі ақтамайтын іс болып есептеледі. Олай болатындығы, жол шығыны қымбат. Сонда бірер малының сүмесімен күн көріп отырған қарапайым халық мал өнімдерінен табыс таппайтын болып шығады. Енді осы жайды қалай шешуге болады. Біздің мынадай ұсынысымыз бар. Мәселен, шалғайдағы ауылдық округте бес елді мекен бар делік. Халықтың қолындағы сүтті сатып алып, көдеге жарату үшін округ орталығынан сүт жинайтын арнайы орын ашылса. Әрине, ол орын тоназытқышпен қамтылуы

СИЫР КӨП ТЕ, СҮТ АЗ



үшін тым ауыр соғатын бұл іске белсене кірісетіндер саны аз. Сондықтан табыс көзінің бір саласы сүт өндірісі екендігін сыналап айтып кеткеніміз де артық болмас. Мәселен, Бурабай ауданындағы «Әбдірахманов» жеке кәсіпкерлігі осыдан бірнеше жыл бұрын жұмысын небәрі он сиырдан бастаса, қазіргі күні сауын сиырдың басын 200-ге жеткізіп отыр. Жеке кәсіпкер негізінен мал тұқымын асылдандыруға ден қойған. Соңғы рет сиырларды Словакиядан әкелген екен.

— Сүт өндірісін дамыту үшін көп қаражат қажет, — дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қасым Итқұсов, — оның үстіне, бұл сала тынымсыз көп еңбекті қажет етеді. Тауқыметі де аз емес. Мәселен, өнімділігі жоғары, ұзақ жыл қызмет ететін сүт сауу аппаратуралары, мұздатқыш, мал қорасы. Ең бастысы, мал азығының мықты базасы қажет. Егер өздері мал азығын дайындай алатын болса, салада сонда ғана серпіліс болады. Әйтпесе, жемшөпті сатып алса, онда өнімнің өзіндік құнына да әсер етпей тұрмайды. Жемшөп дайындаушылар жұмсаған шығындарының үстіне өз еңбектерін де үстемелеп қосады ғой. Егер өздері дайындаса, пайда болары сөзсіз.

Алдағы үш жылға жоспар жасалып, бұл салада серпіліс жасауға деген ұмтылыс бар. Бұл орайда Аккөл ауданындағы «Енбек», Астрахан ауданындағы «Камышенко», Бұланды ауданындағы «Никольское», Зеренді ауданындағы «Аққайың Ж» және «Жақсылық-агро» серіктестіктері асыл тұқымды сауын сиырлардың басын көбейтпек. Бір жансақтық, әр басына орта есеппен үш жарым мың еуродан қаражат жұмсалып, Еуропа елдерінен әкелінетін асыл тұқымды малдың дені етті бағыттағы мал екендігін айта кетуге тиіспіз. Шеттен әкелінетін малдың дені сүтті тұқым болғанда ғана сүт өнімдерінің молшылығын жасай аламыз. Оған қоса, жергілікті жерде мал сүмесімен күн көріп отырған шаруалардың қолындағы сауын сиырдың сүтін сатып алуды дұрыс ұйымдастыру қажет.

Бұл бағытта облыста 120-ға жуық арнайы орындар жұмыс істейді. Олар өз жұмысын 2016-2017 жылдары бастаған. Бұл істі біршама оң жолға қойып, үйлестіріп отырғандар ауыл шаруашылығы кооперативтері. Әзірге олардың саны 23 қана. Ал облыстың жер көлемін, мал санын еске алсаңыз, әрине, аздық етеді. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, кооперативтер сүт салқындататын тоназытқыштармен қамтамасыз етілген. Кейбіреулері сүт таситын көлік те сатып алыпты. Біздіңше, осы бағыттағы жұмысты ширата түсу керек. Облыс орталығының іргесіндегі елді мекендер ғана болмаса, шалғайдағы жұрт мал өнімдерінің пайдасын көріп отырған жок. Жеке шаруашылықтар 200-300 шақырымнан 40-50 литр сүтін тасымалдай алмайды ғой. Бұдан шығатын жол, кешкі және таңғы сауынды бір жерге жинап, екі сауынның басын қосып, бір-ақ тасу. Сонда тасымалдау шығыны азайып, сүттің өзіндік құны сәл де болса төмендейді.

Екіншіден, ветеринарлық қызметті жақсарту. Сүт өндірудегі басты мәселені оң жолға қою үшін өңірлік кәсіпкерлік палатасының бастамасымен үстіміздегі жылдың сәуір айында Украинаның Dairy Global Experts компаниясының сарапшы мамандарын тарту арқылы Зеренді ауданындағы «Жақсылық-агро» серіктестігінің базасында алғашқы ветеринарлық оқыту және қызмет көрсету орталығы ашылған болатын. Бұл арада басты

Шаруасы шалқыған шет елдердің өзінде қолда бар малдың барлығы асыл тұқымды емес. Тіпті біз тұқымынан тәбәрік әкеліп жатқан Еуропа елдеріндегі малдың 35-40 пайызы ғана асыл тұқымды. Қанша жыл қарекет еткенде, біздің осы деңгейге жете алмай отырғанымыз шаруаны ұйымдастырудағы шалағайлығымызды көрсетпей ме?..

Азық-түлік белдеуіндегі облыс Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындарын сүт және сүт өнімдерімен 30 пайыз қана қамтып отыр. Облыс шаруашылықтарында 502 052 бас ірі кара болса, ауылдағы ағайынның қолындағысы — 267 037 бас. Сауын сиыр да негізінен ауылдағы шаруаның қолында. Сүт өндіргені үшін ауыл шаруашылығы құрылымдарына төленетін субсидия оларға бұйырмай келеді.

Нұр-Сұлтан қаласын сүт және сүт өнімдерін қамтуға Целиноград ауданындағы «Родина», Аккөл ауданындағы «Енбек», Астрахан ауданындағы «Камышенко», Аршалы ауданындағы «Ижевск» тәрізді ірі тауарлы-сүт фермалары қомалық үлес қосып отыр. Оған қоса, облыста ұзын-ырғасы қырыққа жуық тауарлы-сүт фермалары бар. Бұл фермалардың ең шағыны елу-алпыс басқа дейін сиыр сауады. Мамандардың есептеуіне қарағанда, тауарлы-сүт фермасы сауын сиырдың саны 400-ден асқанда ғана өзін-өзі ақтайды екен. Әйтпесе, «сиырдың сүті тілінде» дегендей, мықты азық-түлік базасын қалыптастырып, қора салудан бастап сауын аппараттарын алуға дейінгі қыруар шығыны бар. Демек, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, шағын тауарлы-сүт фермаларын ірілендіру қажет. Есеп қарапайым ғана, шағын фермалар ірілендіру арқылы қаражат қуатын арттырса, есесіне сүт өнімі де молая түсер еді. Мал басын өз төлі есебінен көбейтуге толық мүмкіндік бар. Жайылым да жеткілігі. Негізінен, ауыл шаруашылығына бейімделген облыста мал азығы дақылдарын бүгінгі көлемнен әлдеқайда молайта алар еді.

Биыл облыс әкімі Ермек Маржықпаевтың арнайы тапсырмасымен әр ауданда тауарлы-сүт фермалары ұйымдастырылмақ. Қаржы институттарында бұл саланы қолдауға қажетті қаражат та бар. Тек ынталы адамдардың сол қаражатты алуға кепілдігі жок. Бас-аяғы 18 жоба қарастырылғанымен, әзірге біреуі ғана Бурабай ауданындағы «Қоянды-Агро» шаруа қожалығында қолға алынып отыр. Шаруашылық 280 басқа дейін сауын сиыр ұстауды межелеген. Қазіргі күні 100 басы бар, оның 50-і Словакиядан әкелінген асыл тұқымды сауын сиырлар.

кажет. Міне, осы тоназытқышқа таңғы сауын мен кешкі сауынды қосып жинап, сүт зауытына бір-ақ тасымалдаса. Осы әдіс анағұрлым ұтымды болар еді. Екі сауынның сүтін бір қосқан соң тасымалдау шығыны арзандайды. Әйтпесе, ауыл тұрғындары сиыр сауып, табыс тауып отыр деп айту қиын. Оның үстіне жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мен шаруа қожалықтарына төленетін субсидия жеке шаруашылыққа төленбейді. Таратып айтсақ, егер тауарлы-сүт фермаларындағы сауын сиырдың басы 600-ден асса, онда бір келі сүтке 35 теңгеден, 400-ден асса 20 теңгеден, 50-ден асса 10 теңгеден субсидия төленеді. Айтпақшы, сүт жинайтын кооперативтер де бұл несібеден құр қалып отырған жок. Оларға да әр келісі үшін 10 теңгеден субсидия беріледі. Ал облыста сүттің 70 пайызына жуығын өндіріп отырған ауыл тұрғындарына көк тиын төленбейді. Негізгі жұқ мал иелерінде емес пе? Біздің солтүстік өңірде кара мал бағу қияпат шаруа. Мәселен, бір сауын сиырды қыстатып шығару үшін екі тіркеме шөп қажет. Былтыр әр тіркеме шөп сапасына байланысты 35-40 мың теңгеден сатылды. Оған күздің өзінде шарықтап кеткен жем бағасын қоссаңыз, малдың құнына жетіп қалады. Демек, мал баққан ауыл адамы кара малдың өзін етке өткізпін те жарымтылды пайда таба алмайды. Жоғарыдағы біздің есеп бойынша қысы ұзақ өңірде мал өзінің өзіндік құнын алты ай қыста жеп бітіреді. Табысты көзге айналу үшін сүтін де көдеге асыру керек. Бұл орайда талпыныс та болды. Кооперативтер құру жөнінде бастама көтерілді. Кооператив демекші, 2016 жылы облыста 21 кооператив құрылған болатын. Қазір тек 12-і ғана жұмыс істеп тұр.

«Бұл орайда адамдардың жұмыс істеуге талпынысы бар кооперативтердің қолын байлаған жай тіркету болды. Түсінікті болуы үшін таратып айтайын, шаруашылық жүргізуші нысан ретінде ол жылжымайтын ғимаратта болуы керек. Сонда ғана тіркеледі. Ал бірқатар кооперативтерде олай болмай шықты. Әйтпесе, бастама жақсы еді. Мәселен, 2019 жылы бес мың тоннаға дейін сүт жинап, өңдеуші кәсіпорындарға жеткізілді», — дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мал шаруашылығы бөлімінің менеджерісі Қайрат Көшенов.

Қорыта айтқанда, сүт молшылығын жасауға ауыл тұрғындарының да ықпалы көп болар еді. Тек жап-жақсы бастама ретінде көтеріліп, алға ұмтылған шаруаның аяқасты қалып жатқандығы өкінішті-ақ.

Бәйкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Оқыс оқиға

Бұл бала өуелден ерекше.

Ерекше болғанда талантымен емес. Үнемі оғаш қылықтарымен ұстазының көзіне түсіп жүреді. Кіп-кішкентай болса да, өмірге, қоғамға ашулы.



«Ерекше» оқушысын талай мәрте сөзге тартып, ұстаз зерттеп көрмек те болды. Бірақ нәтижесіз... Әлемге ашулы кішкентай бала ызадан басқаны көрсетпейді...

Әдеттегідей сабақ өтіп жатыр. Ұстаз тақырыпты түсіндіруде. Сабақты оқыстан шыққан оқушы қыздың дауысы бөлді. Әсем екен. Ұяң қыз әлденеден қорыққандай ма... Үні шықпай дір-дір еткен Әсем жанындағы ұлды қолымен нұсқай берді. Аң-таң болған ұстаз Әсемнің жанына келіп, жұбатып жатыр. Құшақтады. Сосын байқады. Өзі екі жылдан бері түсіне алмай жүрген кішкентай оқушының қолында дәу пышақ!

О заманда, бұ заман.... Мектепке оқулық емес, пышақ әкелген оқушыны кім көріпті. Оның үстіне, небәрі екінші сыныпта оқитын баладан мұндайды кім күткен? Ұстаз сабақты тоқтатып, баламен жеке сөйлесіп көрді. Болмаған соң, тәрбие ісі жөніндегі менеджерушіге жағдайды баяндалды.

Бірақ бала баяғы әлемге ашулы күйінен өзгерген жок. Ол үшін тіпті мектепке суық қару әкеліп, қолға ұстап жүру қалыпты жағдай сияқты. Әрине, баланың анасы мектепке шақырылды. Алайда баланың психологиялық жағдайына аландаудың орнына, анасы мектепті басына көтеріп шу шығарды. Мұғалімдерді былапыт сөзбен сыбады. «Мен сені өлтіремін!» деп ұлынның ұстазына бас салды.

Баланың анасынан мұндай сөзді есту ұстазға онай тиген жок. Кейін «ашу үстінде айтылған сөз ғой» деп ұстаз өз-өзін жұбатты. Бірақ аузынан ақ ит кіріп, көк ит шыққан баланың анасы қокан-локқы көрсетуін қоймады. Керісінше, үдете түсті.

«Мен сені өлтіріп, түрмеге отырамын». Күн сайын осындай хаттарды оқыған адамның жағдайы қандай болуы мүмкін?

Күні-түні үрейде жүрген ұстаздың бүгінде денсаулығы нашарлап, жүйкесі жұқарды. Елде жарияланған карантин, мектептегі онлайн-сабақ режимі, оған қоса, радикалдық идеологияны бойына сіңіріп алған Әйел мұғалімге қокан-лоққы жасауын қояр емес.

Өміріне қауіптің шың төнгенін бағамдаған мұғалім жергілікті полиция департаментіне шағымданды. Қазіргі уақытта ұстаздың психологиялық жағдайы ауыр. Абыройы өз алдына, өмірі қауіпке ілінген мұғалімнің мәселесімен құзырлы органдар айналысып жатыр.

«Иә, кезінде Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с) не істеп еді? Исламды бейбітсүйгіш, ізгіліктің, тазалықтың діні ретінде оны асқан сүйіспеншілікпен жайған еді.

Ал қазір өзін діндар ретінде көрсеткісі келетін жат ағымдағылар сол тазалықты, ізгілікті көрсете алып отыр ма?» деп қынжылады ұстаз.

Болған оқиға негізінде жазылған бұл жағдай Атыраудағы мектептердің бірінде орын алған еді...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау қаласы

ФОТОАЙПАК



АЛМАТЫ. БЛОК-БЕКЕТТЕГІ КЕПТЕЛІС





E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Еліміздегі төтенше жағдайға байланысты Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үкіметте экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөнінде кешенді жоспар әзірленді. Осы жоспарға сәйкес, Шымкент қаласында дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары бекітілді. Шымшаһарда шағын және орта бизнестің жекелеген санаттары үшін салық жеңілдіктері берілді және 3 жылға тексеруден босатылды. Бұдан бөлек, Шымкент қаласының кәсіпкерлік және индустралды-инновациялық даму басқармасында жаңалық жетерлік. Бұл туралы бізге осы басқарманың басшысы Береке Дүйсебеков егжей-тегжейі әңгімелеп берді.

Jas qazaq: Береке Талғатұлы, өзіңіз жетекшілік ететін басқарма қаламыз мегаполис статусын алғаннан кейін, яғни 2018 жылдың 11 шілдесінде құрылған еді. Содан бері өнеркәсіпті дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу, инвестиция тарту, бизнесті мемлекеттік қолдау, сауданы, шағын және орта бизнесті дамыту бағыттарында жұмыс жүргізіп келесіздер. Мәселен, бірнеше аймақ құрылды емес пе?

Б.Дүйсебеков: Иә, басқарманың құрылғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен уақыттың ағымымен көштен калмауға тырысып жұмыс істеп келеміз. Бүгінгі таңда «Шымкент ӘКК» АҚ, оның ішінде «Оңтүстік» және «Тассай» арнайы индустриалды аймақтары, «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы, көлік-логистикалық аймағы құрылған.

Jas qazaq: Өнеркәсіп өсімі қандай?
Б.Дүйсебеков: Ішкі өнімнің көлемі 2020 жылдың 4 айында 196,0 млрд теңгені құрап, алдыңғы жылдың тиісті мерзімімен салыстырғанда 2 пайызға артты (*2019 жылғы осы кезеңде — 159,9 млрд Т*). 2020 жылдың соңына дейін бұл көрсеткіш 598 млрд теңгеге жетуі тиіс.

Өнеркәсіп саласында үлесі 81,8 пайызды құрайтын өңдеу өнеркәсібінде 160,3 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім — 1,5 пайызды құрап отыр (*2019 жылғы осы кезеңде — 129,5 млрд тг.*).

Jas qazaq: Кәсіпкерлікті қолдау картасы қалай жүзеге асырылуда?

Б.Дүйсебеков: Қазақстан Республикасы индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына 398,6 млрд теңгені құрайтын 6,5 мыңнан астам жаңа жұмыс орындарымен 61 жоба енгізілген. Екінші бесжылдықта жалпы құны — 98,2 млрд теңгеге 2,5 мыңнан аса жаңа жұмыс орындарымен 42 жоба іске қосылды.

2020 жылы жалпы құны 23,9 млрд теңгеге 454 жаңа жұмыс орындарымен 6 жобаны жүзеге асыру жоспарланды. Олар:

1. «Амир-А» ЖШС металлургиялық зауыттың құрылысы;
2. «Рахат-Шымкент» ЖШС кант қосылған және кескіш печенесін өндіру желісі;
3. «В.А.Е.Р.» ЖШС медициналық дәке және тану материалдарын өндіру кешенінің құрылысы;
4. «New technology Ltd» ЖШС дизельді-генераторлы зауыт құрылысы;
5. «Нұр-kz» ЖШС түсті металл бұйымдарын құю кіші зауытының құрылысы;
6. «Корпорация «Аманта» ЖШС газоблок шығаратын зауыт құрылысы.

Jas qazaq: Қала аумағындағы Индустриалды аймақ пен «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағында іске асып жатқан немесе жоспарланған жобаларға тоқтала кетсеңіз.

Б.Дүйсебеков: «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағының жалпы аумағы 200 гектар. Аймақта құны 29,9 млрд теңгені құрайтын, 1 630 жұмыс орындарымен 16 жоба жүзеге асырылған. Оның ішінде 2020 жылдың ақпан айында «СП «Lux Shoes» ЖШС-ның аяккиім табандарын шығару жобасы іске қосылып, онда 20 жаңа жұмыс орны ашылды.



Жыл соңына дейін «В.А.Е.Р.» ЖШС дәкеден тану материалдары өндірісі жобасы қолға алынады. Қазіргі таңда қала әкімдігі тарапынан аймақтың аумағын 500 гектарға дейін кеңейту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шымкент қаласында 2 индустриалды аймақ: «Оңтүстік» (337 гектар) және «Тассай» (*89 гектар*) жұмыс істейді. *Аталған индустриалды аймақтарда (2010–2021 жылдар аралығы)* 110,8 млрд теңгеге 121 жобаны жүзеге асырып, 6,5 мыңға жуық жұмыс орнын ашу жоспарланған (*«Оңтүстік» ИА — 91 жоба, 71,8 млрд теңге, жұмыс орны — 5167, «Тассай» ИА — 30 жоба, 39,1 млрд теңге, жұмыс орны - 1333*).

2010–2019 жылдары аймақтарда 72 жоба іске асып, 63,8 млрд теңге инвестиция тартылды. 4 мыңға жуық жұмыс орны ашылды (*«Оңтүстік» ИА — 58 жоба, 37,4 млрд теңге, жұмыс орны — 3923, «Тассай» ИА — 14 жоба, 28,4 млрд теңге, жұмыс орны — 631*). Аталған индустриалды аймақтарда 2020 жылы 20,0 млрд теңгеге 9 жобаны жүзеге асырып, 564 жұмыс орнын ашу жоспарланған. Сонымен қатар индустриалды аймақтардың жер учаскелері 100% жобаларға толып, әрі қарай дамыту мақсатында 306 гектар жерге жаңа «Жұлдыз» индустриалды аймағын құру жұмыстары басталды. Аталған индустриалды аймақта негізінен құрылыс, металлургия және жиназ өнеркәсібін дамыту көзделді.



Береке ДҮЙСЕБЕКОВ:

КӘСІПКЕРЛЕР ТЕКСЕРУДЕН БОСАТЫЛДЫ

Бұдан бөлек, Шымкент қаласының еліміздің Еуразия аумағында көлік-логистикалық хаб ретінде қалыптасуы мақсатында арнайы логистика аймағы жобасы жүзеге асырылуда. Аймаққа мына компаниялар енетін болады: — «Kazakhstan Logistic group» ЖШС; — «Continental Logistics Shymkent» ЖШС; — «НПО «Зерде» ЖШС; — «Euro Transit service Management» ЖШС; — «Арман Юг Групп» ЖШС.

Jas qazaq: «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы қолға алынғалы бір жылдан астам уақыт өтті. Бұл бағытта нендей жұмыстар істеліп жатыр?

Б.Дүйсебеков: Қалада «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 79,5 млрд теңгеге 96 кәсіпорын жобасымен өтініш беріп, бүгінгі таңда 52 жоба екінші деңгейлі банктен несие (*10,6 млрд теңге*) алуға мақұлданды. 21 жоба екінші деңгейлі банктердің қарауында, ал 8 жоба банктердің қарауына құжат жинау, 15 кәсіпорын бизнес-жоспар дайындау, жаңа технологиялар мен тын идеялар іздеу сатысында.

Jas qazaq: Жыл басынан бері мегаполиске қанша инвестиция тартылды?

Б.Дүйсебеков: Жыл басынан бері қалаға 47,2 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның ішінде тікелей шетелдік инвестиция көлемі — 3,1 млрд теңгені құрайды.

Jas qazaq: Шетелдік инвесторлардың қатысуымен қандай жобалар қолға алынады?

Б.Дүйсебеков: Қала аумағында шетелдік инвесторлардың қатысуымен 2,0 млрд АҚШ долларын құрайтын 12 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, 2020 жылы іске асырылатын жобалар:



1. «Амир-А» ЖШС — металлургия зауытының құрылысы — 50,0 млн \$;
2. «Қытай-Қазақстан марганец индустриялық тобы» ЖШС — Мн С17 маркалы ферросиликомарганец өндірісін ұйымдастыру — 7,8 млн \$);
3. «Авелар солар технологджи» ЖШК — қуаты 50МВт КЭС құрылысы — 20,0 млн \$;

4. «Рахат Шымкент» ЖШС — Кант печенесінің өндірісі — 8,2 млн \$.
Jas qazaq: Ал іске асырылып жатқан жобалар ше?

1. «Highvill Kazakhstan» заманауи көпқабатты үйлердің құрылысы — 900 млн \$;
2. «Kinder World International» білім беру кластерін салу құрылысы: балабақша, мектеп, колледж, университет — 20,0 млн \$;
3. «Dentafill Kazakhstan» ЖШС дәрілік және гигиеналық құралдар шығаратын зауыт салу — 2,6 млн \$;

4. «Polpharma» фармацевтикалық препараттар өндірісін жаңғырту — 36,2 млн \$

Сондай-ақ қала аумағындағы перспективалық жобалар туралы айтсақ, олар:

1. «Hill Resources» базалық майлар өндірісі — 600 млн \$;
2. «Hyosung corpotation» ажыратқыштар мен айырғыштарды құрыстыру өндірісі — 14,6 млн \$;
3. «Lianfu Group» энергия үнемдейтін автобустар шығаратын зауыт салу — 340 млн \$.;
4. «Serviet» дәрілік препараттарды өндіру — 29,2 млн \$.

Jas qazaq: «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қанша қаржы игерілді?

Б.Дүйсебеков: 2020 жылы «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында 6 164,0 млн теңге қарастырылып, бүгінгі таңда 156 жоба бойынша 414,7 млн теңге игерілді. Ал мемлекеттік гранттар беру бағытына 205,0 млн теңге қарастырылған.

Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2020 жылы 816,1 млн теңге қарастырылған. Бүгінгі таңда 6 шағын жобаға 110,0 млн теңге несие берілген.

Academyонлайн платформасы арқылы қашықтықтан онлайн-оқыту қарастырылған.

Халықты жұмыспен қамту орталықтарында тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан, жұмыссыз адамдар, жұмыспен қамтылған адамдардың жекелеген санаттары осы оқуға қатыса алады. Оқу мерзімі 21 күннен аспайды. Бағдарлама аясында оқуды бітірген қатысушыларға сертификат беріледі.

Жоба шеңберінде онлайн-оқу үшін қатысушылар халықты жұмыспен қамту орталықтарына (*Байтереков көшесі, 89*) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесімен қоса, оқудан өту туралы өтінішпен жүгінуі тиіс. Халықты жұмыспен қамту орталықтары үміткердің мәртебесін жобаның нысаналы тобына сәйкестігі расталған жағдайда оқуға жолдама береді. Өтініш беруші Шымкент қаласының кәсіпкерлер палатасына оқудан өту үшін топқа қабылдауды өтінеді.

Сонымен қатар үміткер өз бетінше жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және халықты жұмыспен қамту орталығынан жолдамасын <https://atameken.co/ru/course-bastau> сілтемесіне жүктеу арқылы онлайн-өтінімді тапсыра алады.

Jas qazaq: Кәсіпкерлерге қандай жеңілдіктер берілді?

Б.Дүйсебеков: Шымкентте экономикалық өсімді қайта қалпына келтіру жөнінде Президенттің тапсырмасына орай дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспары бекітіліп, шағын және орта бизнестің жекелеген санаттары үшін салық

жеңілдіктері берілді және 3 жылға тексеруден босатылды. Атап айтқанда:

- ірі сауда нысандары, кинотеатрлар, театрлар мен спорт нысандары бір жылға заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер мүлік салығынан босатылды;
- жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінде жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер табыс салығынан босатылды;
- ағымдағы жылдың 15 наурызынан 15 маусымына дейін өсімдіқтарды есептеу тоқтатылды;
- салық есептілігінің мерзімін 3-тоқсанға ауыстырылды;
- тамақ өнімдерін өндіру көлемі бойынша шикізат базасын өсіру және оның сапасын



арттыру мақсатында жоғары сапалы биологиялық өнім импортына қосымша күн салығынан босатылды;

— 2020 жылдың соңына дейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге салық төлеуден босатылды.

Jas qazaq: Дағдарысқа қарсы іс-қимыл жоспарында қандай мәселелер қаралған?

Б.Дүйсебеков: Дағдарыс нәтижесінде неғұрлым зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілерін анықтап, олардың қызметін қалпына келтіру және жаңа кәсіпорындар құру үшін мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жеңілдетілген несиелер беріледі. Сонымен қатар кәсіпкерлердің қолданыстағы несиелерін қайта қаржыландыру, отандық тауар өндірушілерді ынталандыру, жұмыс орындарын сақтау және құру, кадрларды даярлау және қайта даярлау, микроқаржы ұйымы мен «Бизнес үшін үкімет» орталығын құру және кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау да бар. Дағдарыстан өту жөніндегі мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпараттық қамту сынды қолдау шаралары қарастырылған.

Қала әкімі Мұрат Әйтенов Шымкент қаласында заңға сәйкес әкімдік пен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлескен микроқаржы ұйымы құрылып, оның жарғылық капиталын қалыптастыруға тиісті қаражат бөлінуі керектігін ескертті. Жергілікті кәсіпкерлерді өңірлік бағдарлама аясында пайыздық мөлшерлемесі төмен несиелен қамтамасыз ету үшін жергілікті бюджеттен 1,0 млрд теңге бөлінуі тиіс. Сондай-ақ дағдарысқа ұшыраған кәсіпорындарды және жаңа кәсіпорындарды ашуға бағытталған жобаларды 4 пайыздан аспайтын несиелен қаржылай қолдау көрсетілмек.

Кәсіпкерлікті қолдау шаралары шеңберінде 725 жобаға жеңілдетілген несие ұсыну арқылы 3760 жұмыс орны сақталып, 940 жаңа жұмыс орны құрылады. Ал жұмыспен қамту бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде 15 233 адам жұмыспен қамтылып, кәсіпкерлік сауаттылықты арттыру бойынша 3176 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылатын болады.

Сұхбаттасқан Мәриям АЙТБАЙ, Шымкент қаласы

САҚШЫ БЕЙНЕСІ САЙҚЫМАЗАҚ ЕМЕС

Өткен жылы полицейдің жағымды бейнесін қалыптастыру туралы мемлекеттік деңгейде айтылып, барлық баспасөз сақшыларды жарыса жазды. Бірақ соның өзі науқандық шаруа болып қалғандай. Өйткені жоғары жақтан тапсырма қалай түсті, барлық БАҚ бір уақытта, бір мезгілде жаппай жазды. Сосын сап тыйылды. Қоғамға сақшының жағымды бейнесін қалыптастыру бірер айдың шаруасымен бітпесе керек-ті.

Ал Қытайда ең сүйкімді, ең жағымды, ең камкор, ең сенімді образ — полицей. Олар сақшылардың жағымды бейнесін жылдар бойы қолдан жасап келеді. Қазірдің өзінде Қытайдың қай телераисын қосып қалсаңыз, әлдебір арнайы жасак туралы немесе қарапайым бір полицейдің өмірі хақында телебағдарлама көрсетіп жатады. Телесериалдарының кемінде отыз пайызы сақшылар туралы. Тіпті экономикасы тұралаған сонау 1960-70 жылдардың өзінде көрші ел сақшылардың жағымды образын жасау үшін қаржыны аямады. Ауыл ауылды аралап, сарала форма киінген сақшылар халыққа көмектесіп, жұрттың ықыласына бөленді. Сақшы қыздар арасында жыл сайын сұлулар байқауы, сақшы жігіттер арасында сурмергендер мен қарулы-айлалы сайысы тұрақты өтеді. Қысқасы, Аспан асты елінде ұстаз бен полицейден, дәрігерден артық жалақы алатын мамандық жоқ.

Батыс елдерінде де полицияның беделін арттыру үшін бөлінетін қаражат қомакты. Әлгі бір атса оқ өтпейтін, шапса қылыш батпайтын темірден жаралған сақшылар туралы фильмдер полиция бейнесін ұрпақ жалдында жаңғырту үшін жасалған дүниелер...

Мұның бәрін неге айтып отырмыз? Күні кеше ғана Алматыдағы блок-бекетте оқыс оқиға болып, екі полицей көз жұмды. Демек бізде де елі мен жерінің қызметі үшін жанын қиятын сақшылар бар. Бірақ солар туралы айту, жазу аз. Оқиғаға оралайық. Кезекшілікте тұрған сақшы көлігін әлдебір темір тұлпар келіп қағалды. Соктыққан көліктің жүргізушісі мас көрінеді. Полиция көлігінде болған аға лейтенант Жалғас Жанғазиев оқиға орнында көз жұмды. Серігі Дастан Әдіқанов ауыр халде ауруханаға жеткізіліп, сол жерде есін жимастан демі үзілді.

Күзетте тұрған көлікті соққан BMW тізгініндегі адам бұған дейін 6 жыл ішкі істер органдарында жұмыс істепті. Алматы қалалық полиция департаменті алғашында



оның экс-полицей екенін жасырған болатын. Ол осы 6 жыл ішінде бірнеше рет тәртіп бұзған көрінеді. Азат Дастанның жары Динара әлеуметтік желіде әлгі апатқа себепші болған азаматтың полиция департаментінде бұрын емес, қазір жұмыс істейтінін жазды. Марқұмның жұбайы «Көлік апатына күдікті адам менін күйеуіммен бірге бір ауысымда қызмет атқарды. Мен оларға ас әзірлеп берген кездерім болған. Мен оның әріптестерін жақсы танимын. Шындықты айтыңыздар» деген. Алайда марқұм Дастанның әкесі Марат Әдіқанов Азаттық рухы порталына әлеуметтік желідегі жазбаны келіні Динараның жазбағанын, қара жамылып отырғанда бұлардың атынан басқа адамдардың жазғанын айтты.

Қазір ақпаратты бұрмалау немесе жалған хабар тарату бір тал шарпыны тұтатудан да қауіпті. БАҚ өкілдеріне ақпаратты бұрмалап берген полиция өкілдері жазасыз қалмады. Ішкі істер министрі Басшылық орындағы 9 қызметкерге қатысты тәртіптік жазалау шарасы қабылданды.

Мұның бәрі болған оқиғаның негізінде шыққан шындық пен бұрмалаудың тартысы ғана... Ал біздің әуелде айтпағымыз, полицияның беделі, сақшының жағымды бейнесін қалыптастыру жөнінде еді. Әрине, полицейдің жағымды бейнесін жасау онай шаруа емес. Оған тек БАҚ жұмысы жеткіліксіз. Полиция өкілдерінің өздері де шындықты жасырмай, ақпаратты бұрмаламай, қызметіне адал, баспасөзге ашық болуы керек!

Жасыратыны жоқ, қазір қоғамда полицияға деген құрмет төмен. Соның орнын толтыру үшін не істеуіміз керек? Неге біздің жастарымыз өскенде елін, жерін қорғайтын сақшы болғысы келмейді? Неге әртістер мен КВН әзілкештері сақшыларды мазактап, сахнаға ойыс-образсыз сайқымзақ қойылым алып шығады? Ойлану керек! Қоғамға сақшы бейнесін жағымды жағынан қалыптастыратын уақыт әлдеқашан келді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Кез келген елдің экономикасын тіреп тұрған белгілі бір кәсіп немесе шаруашылық кезі болады. Мәселен, қазақ даласы ықылым заманнан бері мал шаруашылығын негіз етті. Алайда ұлы дала төсін төрт түлік малға толтырған ата кәсіптің берекесі қашқалы қашан? Ұят та болса айтайық, қой бағуды шетелден үйреніп жүрміз. Сиырды да кәрі құрлықтан тасыдық. Малдың отанында отырып шетелден ет сатып алатынымыз, тіпті күлкілі. Ата кәсіп қалай ақсады, бізге не жетіспейді? Осы сауалдарды «Шопан ата» қойшылар қауымдастығының төрағасы, ТМД көлемінде етті бағытта гемпшир қойын өсіріп отырған жалғыз шопан Алмасбек Садырбаевқа қойдық.

Жас қазақ: Алмасбек мырза, «малды баққаннан сұра» деген сөз бар. Сіз қой шаруашылығымен айналысып жүрсіз. Сұрағымыз соның төңірегінде болады. Жалпы, біздің елде мал шаруашылығында қандай мүмкіндіктер пайдаланылмай жатыр? Мәселен, жайылым жайы, жүн, тері мен етті, сүтті толық пайдаланып отырмыз ба?

Алмасбек САДЫРБАЕВ:

«МАЛЫМЫЗ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ЕДІ, АЗЫП БІТТІ»

А.Садырбаев: Пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктеріміз өте көп. Мәселен, қазақтың бос жатқан жері көп болғанымен, жайылым жоқ. Мал жайыын дессен, бос жатқан жердің иесі бар. Жер иесі мал шаруашылығымен айналыспайтын бай болуы мүмкін немесе қорасында бір сиыры жоқ атасынан «пайға» (үлеске) тиген жатыпішер біреу болуы мүмкін. Бұл жердегі мәселе жердің игерілмей жатқандығында. Көзін тапқан адамға мал өнімінің пайдасы көл-көсір. Атап айтсақ, ет, тері, жүн-жұрқа. Ал бізде қаражат тек етке ғана салынған. Мысалы, шетелде ет жалпы өнімнің 60 пайызын береді. Қалған 40 пайызы тері, жүн-жұрқадан түседі. Егер ірі қара мал болса, аттың жал-құйрығын кәдеге жарату керек. Одан бөлек, ішек-қарны, өкпе-бауыры сынды бөлшектері де жарамды. Ал бізде қалай? Ұсақ малды сойып, етін ғана аламыз. Ішек-қарнын итке тастаймыз. Оны тіпті ит те жемейді. Былай қарасаңыз, қаншама дүние ысырап болып жатыр. Ал шетелде малдың ішек қарнына шейін жуып-жайып, қажетке жаратып, пұл қылады. Біз барды бағалай алмай отырмыз, ат үсті қараймыз.

Жас қазақ: Сүт ше? Сүт бұлағын ағызатын баяғы сауыншылықтан пайда жоқ па қазір?

А.Садырбаев: Сүт өңдеуге келетін болсақ, бұрынғыдай сүт өнімін жергілікті жерде дайындайтын орын аз. Былайша айтқанда, ауылда сиыр сауатын өкпе-женгелеріміз жоқ. Неге? Өйткені оның еңбегі ақталмайды. Бір сиырдың берген 3-5 литр сүті оның жеген жем-шөбінің шығынын жаппайды. Сондықтан, бузауы емсін деп бірге жібере салады. Таудағы малшылар да қазір сиыр сүтін сауып сатуды қойды. Неге? Өйткені оны сауып сақтау, қалаға жеткізу, сату сынды арадағы байланыс үзілген. Субсидияның өзі үлкен мал шаруашылықтарына ғана бөлінеді. Оның ішінде 400 бастан көп фермаларға ғана. Ауылдағы қарапайым шаруаға субсидия түгілі, су да жоқ. Ол аз десеңіз, қазір малдың тұқымы тозып кеткен. Еуропадағы талап бойынша бір сиыр жылына 10 мың литр сүт беруі керек. Ол дегеніміз күніне 33 литр сүт деген сөз. Күніне 33 литр сүтті 200 тенгеден есептесеніз, бір сиыр 6000 теңге кіріс кіргізеді. Ал біздің сиыр 5 литрден артық бермейді. Ары кетсе 10 литр, сонымен бітті. Сондықтан өнімділігі жағынан, тұқымы жағынан біздің малдың сапасы төмендеп, тұқымы тозып кетті.

Жас қазақ: Ет ше? Ет туралы ауыз толтырып айтуға болатын шығар? Қазақстан етті тұтыну бойынша алдыңғы қатарлы елдердің санатында емес пе?

А.Садырбаев: Ет жағын да ауыз толтырып айта алмаймыз. Өйткені еттілік жағынан 1991 жылы бір жасар бұқаның салмағы 330 келі болған. Ол дегеніңіз селекция, жемішөп, менеджмент — барлығының жетістігі. Бұл статистикада көрсетілген. Бүгінгі статистиканы алып қарасақ, 1 жасар бұқаның салмағы 120 келі ғана. Біз өсудің орнына кері кеткенбіз. Бұл жерде селекция да, жемшөп те, менеджмент те құрдымға кетті деген сөз. Малымыз асыл тұқымды еді, азып бітті.

Жас қазақ: Енді қой шаруашылығына тоқталыңызшы. Қандай мүмкіндікті игере алмай отырмыз?

А.Садырбаев: Жүн өзекті проблема болып отыр. Біз жүнді пайдаға асыра алмай, кәдеге жарата алмай отырмыз. Жүнді өз елімізде өндемейміз. Оны өңдейтін бір ғана мегакомбинат бар. Ол — «ШымкентПОШ». Ал жеке меншік ұсақ-түйек комбинаттар жоқ. Бұрын Моңғолияға күлуші едік. Қазір сол Моңғолияның әр ауылында 8-9 жүн өңдейтін цех бар. Ал бізде біреуі де жоқ. Шетелге шығарамыз деп едік. Қазіргі эпидемиологиялық жағдайда шетелге де шығара алмай қалдық. Оның үстіне, жүннің сапасы да нашар. Ішек-қарын, өкпе-бауырды өндемейміз. Сонда біздің қойшылар қойдың етінен түскен пайдамен ғана күнін көріп отыр.

Жас қазақ: Қойдың жүні мен етінен бөлек, қой тұқымын асылдандыра алдық па? Қазақтың Еділбай қойы сияқты тәлтума малымыз қашан әлемдік қой шаруашылығында «бренд» тұқымға айналады?

А.Садырбаев: Еділбай тұқымы негізі әлемде үштікке кіретін ең ірі қой. Гиссар

шопан жоқ. Ата кәсіпке қалай қызықтыруға болады?

А.Садырбаев: Австралиямен салыстырып жатырсыз ба? Қазақстанда шопанның айына табатын табысы 70 мың теңге болар. Ары кетсе 100-150 мың теңге немесе 500 доллар тапсын. Ал Австралияда бір шопанның айлық табысы 7-10 мың доллар. Айырмашылық бар ма? Әрине, жер мен көктей. Мысалы, бізде бір шопан 500 қой бағады. Австралияда бір қойшы 10 мың тұяқ қой бағады. Қалай? Бұл қой шаруашылығын жүргізудің тиімді тәсілі. Бізде экстенсивті. Оларда интенсивті. Біздің шопанның малға бармайтын себебі көп. Мәселен, интернет жоқ. Жарық, монша, жол жоқ. Басқа да адам баласының күнделікті өміріне қажеттінің бірі жоқ. Бізде төрт маусым көшіп-қону. Малшылар елдің шеті, желдің өті: қар жастанып, жаңбыр жамылып жүргендері. Бала-шаға бір жакта, қойшы бір жакта. Осындай жайсыз жағдай. Осының бәріне шыдап қой бағатын шопан аз. Бұдан кейін кім малшы болғысы келеді дейсін? Әрине, ешкім. Австралиялықтың жағдайына келсек, оларда шопан хан сарайындай үй салып алған.

Үйінің жанындағы жерді ротациялық орынға айналырған. Қойшының жұмысы қойларды бір қоршаудан екінші қоршауға аптасына бір рет ауыстырып отыру. 10 мың тұяқ қой бакқан сон, әрине, оның табысы да көп. Ол жакта мал бакқысы келетіндер көп болса, бізде мал бағуға ешкімді



қойы, Англияның «лимузин» қойы, сосын біздің Еділбай тұқымды қойымыз. Әлемдегі үштік — осы қойлар. Еділбай — қазақтың бренді. Онымен мақтана аламыз. Еділбай мен гиссардың кемшілігі — құйрықтарының майлы болып келетіндігінде. Құйрық қой салмағының 25 пайызына тең. Мәселе сол майлы құйрықты тұтынатындардың аздығында. Көп болса, бір тілімін ғана жей алатын шығармыз. Қалған май тоназытқышта қалады немесе иттің жемі болады.

Әлемде қойдың 600 тұқымы бар. Соның ішінде 22 түрі біздің елде өседі. Бізге ең алдымен өз еліміздегі тұқымды жетілдіруіміз керек. Сонымен қатар, шетелде брендке айналған гемпшир мен суффолк тұқымдарын осында әкеліп, өз еліміздегі қой тұқымын асылдандыруымыз керек. Аналық жағынан жергілікті жерге бейімделсе, аталығы жағынан құйрықсыз, етті мол беретін жана тұқым өседі. Асыл тұқымды қойдың әлемдік бестігі анықталған. Олар — гемпшир, суффолк, доро, дорпер, тексель, рамбулье. Осы бестікті пайдаланып, аналық тұқымдарға қошқар қосып, құйрықты қойдан құтылып жатқан фермерлер бар.

Қазір әлем бойынша жүнді кәдеге жарататын елдер аз. Өйткені үстіміздегі киім синтетикалық материалдардан жасалады. Соның кесірінен жүннің құны түсті. Шынын айтқанда, соңғы уақытта жүнді кәдеге жарату азайды. Оның орнына етті қойды пайдалану алдыңғы орынға шықты. Әлемге қой керек. Ал осы қойды казактан артық бағатын ешкім жоқ еді бұрын. Қазір олай емес. Дамыған елдер малды жаңа тәсілдермен бағалы. Біз де сол бағытта жұмыс істеп жатырмыз. Сол әлемдік гемпшир мен суффолк тұқымдас қошқарларды алып келдік. Оны шаруаларға таратып бердік. Кооперативтерге үлестіріп, соның ұрығын пайдалануды үйренетін мамандарды оқытып жатқан жағдайымыз бар. Қой өсірушілерді жинап, «Шопан ата» деген қой шаруашылығы қауымдастығын құрдық. Атыраудан Оралға, Қызылжардан Қызылордаға дейінгі аралықты камтитын 5000-ға жуық шаруаның басын біріктірдік. Әлемдік деңгейдегі қой өсіру, бағу сынды бағыттарды үйретіп, азын-аулақ ағарту ісімен де айналысып жатырмыз. Біз жоғарыда айтқан қошқар тұқымдарын шаруаларға жалға береміз. Олар оны өз тұқымдарын көбейтуге пайдаланады.

Жас қазақ: Австралия сияқты қойы көп елдерде мал бағу — табысы мол кәсіп. Ал бізде

мәжбүрлей алмайсың. Сондықтан бізге малды бұрынғыдай жыл бойы артынан салпақтап бағуды қойып, жаңа мүмкіндіктерді қарастырамыз жөн!

Жас қазақ: Біздің үкіметтің мал шаруашылығы бағдарламасына не жетіспейді? Малды бакқан сон, жылдағы өнімі шығынды жаппаса, одан не пайда? Терісіне сұраныс жоқ. Ауылда Еділбай қойының терісі 100 теңге, ірі қараның терісі 1000 теңгеден аспайды. Ал шетелде терінің құны малдың ірі бағасына жуык екен. Шетелдегі жағдайға жету үшін не істеу керек?

А.Садырбаев: Бұған дейін тері саудасы дүркіреп тұрған сала еді. Тері өңдейтін зауыттар лобби жасайды. Бизнес болғаннан кейін лоббисіз мүмкін емес. «Біз теріні өзіміз өңдейік, ешқайда шығармайық. Өйтпейік, бүйтпейік!» дейтіндер көп болды. Оны үкіметке айтады. Үкімет оларға қолдау көрсетеді. Сөйтіп шекараны жауып тастайды. Тереніне үнлмейді. Ақыры уәде бергендердің ақшасы жоқ боп шығады. Оларға берілетін дайын несие де жоқ. Осылай Қазақстанда қой терісі ысырап болып жатыр. Сойған малдың терісі іріп-шіріп, иттің жемі болуда. Сондықтан ел ішіндегі өңдеу өнеркәсібін көтеруіміз керек. Оған жағдай жасағанда ғана біз бұл тығырықтан шыға аламыз.

Жас қазақ: Меринос қойын өсіріп отырған қанша шаруашылық, қанша мың тұяқ қой бар? Меринос қойының жүнін сату өндірісі бізде қалай, шетелде қалай?

А.Садырбаев: Бізде 13-14 миллион тұяқ қой болса, соның 15 пайызы меринос қойы. Қанша шаруа екенін нақты айта алмаймын. Сол 1,5 миллион қойдың жүні өңдеуге келмей отыр. Оның бағасы да түсіп кетті. Сырт елдерге біздің мериностың жүні керек те емес. Өйткені бізде өндіріп жатқан жүннің сапасы өте төмен. Тозып кеткен. Одан кейін сыртқы нарықта жүнге сұраныс бұрынғыдай көп емес, өте аз. Бірақ меринос қойының қазақы қойға қарағанда жүні болса да пайдасы бар дегім келеді. Бір қой 4-5 келі жүн береді. 300 тенгеден есептегенде, бір қой жүнінен 1500 теңгедей кіріс кіреді екен. Көп шаруа соны қанағат етіп, меринос тұқымын өсіріп отыр. Бірақ малды бакқан сон, оның жүні мен еті ғана емес, ішек-қарны, құйрық-жалы да кәдеге жарап, пұл болуы керек. Сонда ғана еңбегің далаға кетпейді. Әйтпесе, мал болып бакқан малдан не қайыр?!.


Жарас КЕМЕЛЖАН



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

BIRLIK



Jas qazaq: Лариса, алдымен өзіңіз жайында аз-кем айтып өтсеніз. Қай жерде туып-өстіңіз, қай жерде білім алдыңыз?

Л.Кирхмейер: Мен 1973 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында дүниеге келдім. Осы өңірде өстім, білім алдым. Бұдан он бір жыл бұрын аудандағы Қайназар ауылында казак жігітіне тұрмысқа шығып, қазіргі таңда сол ауылда тұрамын. Біздің отбасы көп ұлттың басын бір шаңырақтың астында біріктірген ерекше отбасының бірі. Олай дейтінім,қазақ, неміс, орыс, көріс, грек ұлтының өкілдері бар. Әрбірін ортақ тағдыр бір шаңырақтың астына жиғызды деп ойлаймын. Анам Ресейде дүниеге келген, әкем — Қазақстан азаматы. Атам сонау Германияның тумасы. Сұрапыл соғыс аяқталғаннан кейін Германиядан Ресейге жер аударылыпты. Ресейде әжеммен танысып, екеуі отау құрады. 1946 жылы Қазақстанға келіп қоныстанған. Ата-анам осы өңірде танысып, отау құрған. Өзім Ұзынағашта дүниеге келдім.



Jas qazaq: Алғаш келін болып түскен кезіңіз есіңізде ме? Өзге ұлттың салт-дәстүрін қабылдау, менталитетіне сіңіп кету қиын болған жоқ па?

Л.Кирхмейер: Қазақ отбасына келін болып түскен кезімде мен 36 жаста едім. Алғашқы некемнен бір қызым бар. Ол қазір бой жетіп, отау құрды. Үлкен қызым көріс ұлтына тұрмысқа шықты. Қазір екі немересі бар жас әжемін. Ал Қанат екеуміздің ортақ бір қызымыз бар. Жолдасым, өкінішке қарай, дүниеден өтті. Қазір қызым екеуміз Қайназар ауылында тұрып жатырмыз. Кішкентай қызым өзінің туған-туыстарымен араласып, мерекелерде ата-апасының үйіне барып тұрады. Алғашқыда қазақы дәстүрлерге тосырмай қарағаным рас. Бірақ маған қазақ отбасына сіну, сол отбасының тәлім-тәрбиесіне мойынсұну, олардың отбасылық ережелерін сақтау қиын болған жоқ. Өйткені мен Қазақстанда өмірге келдім. Қазақы ортада өстім. Қазақ ұлтының салт-дәстүрін, мәдениетін біліп өстім десем қателеспеймін. Ал қазақ ұлтына келін болып түскеннен күннен бастап, осы ұлттың озық дәстүрлерін, тәрбиесін, менталитетіне терең бойлай бастадым. Өзім үшін ашқан жаңалықтар да болды. Менінше, ұлттың жаманы болмайды. Адамның адами қалпын сақтай алуы, ол әрбір адамның өзіне байланысты деп ойлаймын. Қазақтың салт-дәстүрлерін кішкентай кезімнен біліп өстім дедім ғой. Әсіресе, той жоралғылары ұнайды. Құда түсу, сырға салу, қыз ұзату сынды дәстүрлер әлі күнге дейін сақталып тұр. Одан кейін қонақжайлылық қасиетін құрметтеймін. Үйге бір адам келсе де, бірнеше қонақ келсе де, ақ дастарханын мол жайып, жылы-жұмсағын алдына қояды. Туған-туыстар бір дастархан басында әңгіме-дүкен құрып, кандай да бір мерекелерде жиі бас қосады. Осындай кездерде біз ұлтқа бөлінбей, шынайы сыйластықпен араласамыз. Қазақ ұлтынан осындай көп жақсы қасиеттерді үйреніп, өмірлік жолымда ұстанып келемін.

Jas qazaq: Медицина саласын өзіңіз таңдадыңыз ба, әлде кездейсоқ келдіңіз бе?

Л.Кирхмейер: Жоқ, кездейсоқ емес. Дәрігер болуды бала кезімнен армандадым. Кішкентай кезімде қуыршақтарды емдеп, екпе салып ойнауды жақсы көреді екенмін. Балалық арманым есейген сайын ұлғайып, арнайы медициналық білім алдым. Алматыдағы республикалық медициналық колледжді мейірбике ісі мамандығы бойынша тәмамдадым. Әсіресе, бала кезімде ақ халатты киюді қатты армандайтынмын. Қазір сүйікті мамандығым бойынша мейірбике болып жұмыс істеймін. Мектеп қабырғасында-ақ болашақ мамандығымды мақтан еттім. Дәрігер болуды абырой емес, халыққа көмектесу деп түсіндім. Неге медбике

Лариса КИРХМЕЙЕР:

ТАТУЛЫҚ – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

жолына түстім? Негізгі медицина саласында «ерліктің көбін мейірбикелер жасайды» деген тәмсіл бар. Медбике наукастың күтім процесіне толығымен жауапты. Сырқат адам кінәмшіл келеді. Біздің міндетіміз — оларға психологиялық жағынан демеу көрсетіп, жан шуағымызды аямау. Ауырып келген адамдарды шын көңілмен, мейіріммен қарсы аламын. Адам

Jas qazaq: Еліміздегі түрлі ұлттың басын қосқан Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы жайында пікіріңіз қандай?

Л.Кирхмейер: Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы маған жақсы таныс. Жоғарыда атап өткенімдей, біздің отбасы көп ұлттан құралған. Барлығымыз бір дастархан басында жиналғанда Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекшелігін әңгіме етеміз. Олай дейтінім, Ассамблея әрбір ұлттың тілін, ділін, мәдениетін ұмытпай сақтауға, ұрпағына аманат етуге ықпал етеді. Әр ұлттың дамуына, өзінің салт-дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі әрбір этностың мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестік болып



тек бір-бірімізге қолдау көрсетіп, барынша түсіністікпен қараймыз. Бір-біріміздің діни сенімімізге құрмет көрсетеміз. Президентіміздің жүргізіп отырған дінге қатысты саясатын ерекше айтып өткім келеді. Біздегі әрбір ұлттың діни наным-сеніміне шектеу жоқ. Ұзынағаштың өзінде мұсылмандар мешітке, христиандар шіркеуге барып мінәжат етеді. Осының өзі елімізді мекен еткен түрлі ұлт өкілдерінің діни сеніміне деген құрметті білдіреді. Елімізде өтетін мерекелік күндердің әрқайсысының да мен үшін маңызы өте зор. Әсіресе, Ұлыстың ұлы күні Наурыз бен жаңа жыл мерекесін отбасымызбен асыға күтеміз. Отбасылық дастарханда атап етуге тырысамыз. Күнтізбедегі қызыл түспен белгіленген мерекенің барлығы тек менің емес, барша жұрттың асыға күтетін даталы мерекесі деп білемін. Ал мұндай мерекелер қуанышты көңіл-күй сыйлайды. Осындай атаулы мерекелерді әріптестеріммен, достарыммен бірге тойлаймыз.

Jas qazaq: Жамбыл ауданында тұратын түрлі ұлт өкілдері мен этностарының бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруінің сыры неде деп ойлайсыз?

Л.Кирхмейер: Иә, біздің ауданда сан түрлі ұлттың өкілдері тұрады. Әрбір ұлт бір-бірінің дінін аса құрметтейді. Олай дейтінім, әрбір этностың өкілі өзінің діни мерекелерін тойлай алады. Осының өзі аудандағы бірліктің бір нышаны дер едім. Сондай-ақ 1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күнін аудан тұрғындары жоғарғы деңгейде атап өтеді. Әлемді шарпыған пандемияға қатысты, биыл мерекеле көпшілік болып бас қоса алмадық. Ал жыл сайын бұл мереке аудан көлемінде атап өтіліп, әрбір этнос өкілі өз ұлтының өнерін паш етіп, салт-дәстүрін, ұлттық тағамдарын ортаға ұсынып, бір шаңырақтың астында емен-жарқын атап өтетін. Менінше, тату-тәтті өмір сүрудің сыры бірлікте, татулықта дер едім. Өйткені, татулық — ешнәрсемен



бағаланбайтын құндылық. Татулық — бірлік, достық, адал қарым-қатынасты біріктіретін күш!

Әр түрлі ұлт пен ұлыс бір аспанның астында өмір сүріп жатырмыз. Қимас дос, бауырлас болып кеттік. Бәріміз біз осы өңірдің тумасымыз. Осында ер жеттік. Армандарымызды жүзеге асырдық. Бір-бірімізді ешқашан ұлтқа бөлген емеспіз. Кішкентай кезімізден өзге ұлттың балаларымен бірге өсіп-жетілдік. Мектепте болсын, жоғары оқу орнында болсын, бәріміз бірге білім алдық. Аулада бір ойыншықты бөлісіп ойнадық. Сондықтан болар, ауылдағы басқа ұлттардың балалары өздерін ешқашан бөтен сезінген емес. Кішкентаймыздан бір тілім нанды бөліп жегеннен болар,

біздегі татулық бала кезден басталды. Өйткені біз Қазақстан деп аталатын киелі шаңырақтың астында өмір сүрудеміз.

Jas qazaq: Өзіңіздің араласатын достарыңыздың ішінде өзге ұлт өкілдері бар ма? Олармен қарым-қатынасыңыз қандай?

Л.Кирхмейер: Менің достарым көп. Олар әр этностың өкілдері десем де, барлығымызды достық біріктіреді. Бір-бірімізбен өте жақсы қарым-қатынастамыз. Сырымызбен, әңгімемізбен бөлісеміз. Мен осы Қазақстан деп аталатын елдің азаматшасы екенімді мақтан тұтамын. Қазақы ортада өскендіктен, қазақ тілінде жоғары деңгейде сөйлемесем де барлығын түсінемін. Жұмыста да, былай да қазақ достарым өте көп. Олармен емен-жарқын араласамын. Достарымды да ұлтына қарап бөліп-жарып көрмеймін. Бәріміздің тағдырымыз ортақ. Бірге қуанамыз, қиындықты да бірге еңсереміз. Қандай жағдай болса да, бір-бірімізге қолдау көрсетеміз. Сондықтан айналамдағы әрбір адамға, мені қоршаған ортама алғысым шексіз.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА

2020 жылдың 1 қаңтарындағы
"МОИ (МОИ) страховый брокер" ЖШС
Бухгалтерлік балансы

(мың теңге)

Баптың атауы	Баған коды	Есептік кезеңнің соңында	Өткен жылдың басында
1	2	3	4
Активтер			
Ақшалай құралдар мен ақшалай құралдардың баламасы	1	1 315,00	3 212,00
оның ішінде:			
кассадағы қолма-қол ақша	1,1		
банктер мен жеке банктік операцияларды іске асыратын ұйымдардағы шоттардағы ақша	1,2	1 315,00	3 212,00
Алуға сақтандыру сыйақысы <i>(құнысздануға резервтерді иесгеренде)</i>	6	145 435,00	253 257,00
Дебиторлық қарыз	7	3 338,00	4 363,00
Комиссиялық сыйақы	8	19 700,00	63 936,00
Жайғастырылған салымдар <i>(құнысздануға резервтерді иесгеренде)</i>	11	312 581,00	243 449,00
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестиция және субординатты қарыз	15	7 321,00	7 321,00
Қорлар	16	1 625,00	1 374,00
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер <i>(шығып кететін топтар)</i>	17		
Материалды емес активтер <i>(амортизация мен құнысздану шығындарын иесгеренде)</i>	18	5 379,00	6 152,00
Негізгі құралдар <i>(амортизация мен құнысздану шығындарын иесгеренде)</i>	19	104 428,00	105 452,00
Келешек кезеңдердегі шығын	21	593,00	241,00
Ағымдағы салықтық актив	22	14,00	31,00
Барлығы активтер	25	601 729,00	688 788,00
Міндеттемелер			
Кредиторлық қарыз	31	2 517,00	254,00
Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттеме	35	15 381,00	17 049,00
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме	36	8 844,00	8 132,00
Қайта сақтандырушылармен есептесу	38	145 435,00	255 989,00
Сақтандыру <i>(қайта сақтандыру)</i> қызметі бойынша делдалармен есептесу	39	10 816,00	7 393,00
Сақтандыру <i>(қайта сақтандыру)</i> шарттары бойынша төлеуге шоттар	40		
Бағалаушы міндеттемелер	41	9 296,00	7 653,00
Басқа міндеттемелер	42	4 255,00	5 769,00
Барлығы міндеттемелер	43	196 544,00	302 239,00
Өзіндік капитал			
Жарғылық капитал	44	10 000,00	10 000,00
Басқа резервтер	50	16 661,00	13 656,00
Таратылмаған табыс <i>(жабылмаған шығын)</i>	51	378 524,00	362 893,00
оның ішінде:			
өткен жылдар	51,1	326 893,00	304 120,00
есептік кезең	52,2	51 631,00	58 773,00
Барлығы капитал	53	405 185,00	386 549,00
Барлығы капитал мен міндеттемелер	54	601 729,00	688 788,00

Басқарушы директор
Бас бухгалтер

Қасымқанова Г.А.
Тұрлыбекова Д.О.

2020 жылдың 1 қаңтарындағы
"МОИ (МОИ) страховый брокер" ЖШС
пайда мен шығын туралы есебі

(мың теңге)

Баптың атауы	Баған коды	Ағымдағы жылдың басынан басталғандағы кезең үшін <i>(үлкеніші қорытындымен)</i>	Өткен жылдың басынан басталғандағы үлкеніші кезең үшін <i>(үлкеніші қорытындымен)</i>
1	2	4	6
Сыйақы алумен байланысты табыс	1	3 612	2 750
оның ішінде:			
корреспонденттік және ағымдағы шоттар бойынша	1,1		
жайғастырылған салымдар бойынша	1,2	3 612	2 750
Комиссиялық сыйақы	2	350 209	260 095
оның ішінде:			
сақтандыру брокерінің қызметі бойынша комиссиялық сыйақы түріндегі табыс	2,1	350 209	260 095
шетел валютасын қайта бағалаудан <i>(нетто)</i> табыс	5	3 957	18 316
Басқа да табыс	10	10 482	10 910
Табыс қорытындысы	11	368 260	292 071
Комиссиялық шығындар	13	18 064	13 488
оның ішінде:			
басқарушы агентке сыйақы	13,1		
кастодиалды қызмет көрсетуге сыйақы	13,2		
сақтандыру брокерінің қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша	13,3	18 064	13 488
Операциялық шығындар	16	271 621	199 019
оның ішінде:			
енбекақы мен іссапарларға шығындар	16,1	201 026	147 597
амортизациялық есептеулер мен тозу	16,2	6 350	5 439
корпоративтік табыс салығынан басқа бюджетке төленетін салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша шығын	16,3	19 481	14 113
Операциялық жалға алу бойынша шығындар	16,4	1 147	3 683
Басқа шығындар	18	13 557	5 873
Шығындардың барлығы	19	303 242	218 380
Корпоративтік табыс салығын төлеуге дейін таза табыс <i>(шығын)</i>	20	65 018	73 691
Корпоративтік табыс салығы	21	13 387	14 918
Корпоративтік табыс салығын төлеуден кейін таза табыс <i>(шығын)</i>	22	51 631	58 773
Қызметті тоқтатудан табыс <i>(шығын)</i>	23		
Кезең ішіндегі таза табыс <i>(шығын)</i>	24	51 631	58 773

Басқарушы директор
Бас бухгалтер

Қасымқанова Г.А.
Тұрлыбекова Д.О.

2020 жылдың 1 қаңтарындағы
"МОИ (МОИ) страховый брокер" ЖШС
капиталдағы өзгерістер туралы есеп

	Түпкі ұйымның капиталы				Азшылық үлесі	Барлығы капитал
	Жарғылық капитал	Резервтік капитал	Басқа резервтер	Таратылмаған пайда <i>(шығын)</i>		
1	2	3	4	5	6	8
Алдыңғы есептік кезеңінің басындағы сальдо	10 000		9 958	369 120	391 617	391 617
Есептік саясаттағы өзгерістер мен кателерді түзеу						0
Алдыңғы есептік кезеңнің басындағы қайта есептелген сальдо	10 000		9 958	369 120	389 078	389 078
Негізгі құралдарды қайта бағалау			3 698		3 698	3 698
Кезең ішіндегі пайда <i>(шығын)</i>				58 773	58 773	58 773
Кезең ішіндегі барлық пайда <i>(шығын)</i>				58 773	58 773	58 773
Дивидендтер				-65 000	-65 000	-65 000
Есептік кезеңінің басындағы сальдо	10 000		13 656	362 893	386 549	386 549
Есептік саясаттағы өзгерістер мен кателерді түзеу						
Есептік кезеңінің басындағы қайта есептелген сальдо	10 000		13 656	362 893	386 549	386 549
Негізгі құралдарды қайта бағалау			3 005		3 005	3 005
Кезең ішіндегі пайда <i>(шығын)</i>				51 631	51 631	51 631
Кезең ішіндегі барлық пайда <i>(шығын)</i>				51 631	51 631	51 631
Дивидендтер				-36 000	-36 000	-36 000
Есептік кезеңінің соңындағы сальдо	10 000		16 661	378 524	405 185	405 185

Басқарушы директор
Бас бухгалтер

Қасымқанова Г.А.
Тұрлыбекова Д.О.

2020 жылдың 1 қаңтарындағы
"МОИ (МОИ) страховый брокер" ЖШС
Ақшалай құралдардың қозғалысы туралы есеп *(жанама әдіс)*

(мың теңге)

Баптың атауы	Ескерту*	ағымдағы жылдың басынан басталғандағы кезең үшін	Өткен жылдың басынан басталғандағы кезең үшін <i>(үлкеніші қорытындымен)</i>
1	2	3	4
Салық салудан табыс <i>(шығын)</i>		65 018	73 691
Ақшалай емес операциялық баптарға түзетулер:		6 844	4 126
амортизациялық есептеулер мен тозу	1	6 350	5 439
ақшалай емес баптарға басқа да түзетулер	6	494	-1 313
Операциялық активтер мен міндеттемелерді өзгертікенге дейін операциялық табыс <i>(шығын)</i>		71 862	77 817
Операциялық активтердегі <i>(ұлғаюу)</i> азаю		83 365	-132 006
Жайғастырылған салымдардың <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	7	-69 132	108 294
Сақтандырушы <i>(қайта сақтандырушы)</i> делдалдардан алуға болатын сақтандыру сыйақысының <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	11	107 822	-182 408
Басқа дебиторлық қарыздың <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	12	45 261	-57 690
Келешек кезеңдегі шығындардың <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	14	-352	99
Басқа активтердің <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	15	-234	-301
Операциялық міндеттемелердің <i>(ұлғаюу)</i> азаюы		-105 695	148 101
Қайта сақтандырушылармен есептесулердің <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	22	-110 554	185 140
Сақтандырушы <i>(қайта сақтандыру)</i> қызмет бойынша делдалдармен есептесулердің <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	23	3 423	748
Басқа кредиторлық қарыздың <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	25	2 263	29
Басқа міндеттемелердің <i>(ұлғаюу)</i> азаюы	28	-827	-37 816
Операциялық қызметтен ақшаның ұлғаюу немесе азаюы		-22 330	16 095
Төленген корпоративтік табыс салығы	29	14 632	14 918
Салық салудан кейін операциялық қызметтен ақшаның <i>(ұлғаюу)</i> азаюы қорытындысы		-36 962	1 177
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	31	-797	-4 292
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар	33		-7 321
Инвестициялық қызметтен ақшаның ұлғаю немесе азаю қорытындысы		-797	-11 613
Дивидендтерді төлеу	38	-36 000	-65 000
Қаржылық қызметтен ақшаның ұлғаю немесе азаю қорытындысы		-36 000	-65 000
Есептік кезең үшін ақшаның таза ұлғаю немесе азаю қорытындысы		-1 897	2 381
Есептік кезеңнің басындағы ақша мен ақшалай баламаның қалдығы	41	3 212	831
Есептік кезеңнің соңындағы ақша мен ақшалай баламаның қалдығы	42	1 315	3 212

Басқарушы директор
Бас бухгалтер

Қасымқанова Г.А.
Тұрлыбекова Д.О.

“МОИ (МОИ) страховый брокер” ЖШС-ң
2020 жылдың 01 қаңтарындағы жылдық қаржылық есебіне
түсіндірме хат

Жалпы бөлімі

«МОИ (МОИ) страховый брокер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заңды тұлға — орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады, белгісіз мерзімге құрылды. Мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2017 жылдың 25 сәуірінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы қ. Әділет департаментімен берілді. Алғашқы тіркеу күні: 08.07.2005 жылы. БСН 050740002486

Занды тұлғаның орналасуы: 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев даңғылы, 248.

Негізгі қызмет түрі сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша брокерлік қызмет.

Негізгі қызмет түрлерін Серіктестік Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі берген 08.02.2019 жылғы №2.3.33 сақтандырушы брокер қызметімен айналасуға құқық беретін лицензияның негізінде іске асырады.

Серіктестіктің қаржылық және өндірістік қызметі шаруашылық тәуелсіздік негізінде іске асырылады.

Серіктестіктің өзіндік балансы, банкетші шоттары, эмблемасы бар, құрылымды анықтайды, шататты жинақтайды.

Серіктестік Қазақстан Республикасының бюджетке және бюджеттен тыс қорларына салық төлеуші ретінде Алматы қ. Медеу ауданы бойынша есепте тұр.

Серіктестіктің қатысушылары Сақтандырушы брокер менеджментінің бөлігі болатын жеке тұлғалар, Қазақстан Республикасының азаматтары және Англия мен Уэльс заңнамасына сәйкес тіркелген «GEORGE YARD INVESTMENT LIMITED» жауапкершілігі шектеулі компания болып табылады.

Сақтандырушы брокердің жарғылық капитал көлемі 10 000 000 *(он миллион)* теңге және толығымен төленген.

Қаржылық бөлімі

Бухгалтерлік баланс

2019 жылы компанияның активтері 601729 мың теңгені құрады.

01.01.20 ж. «Ақша және ақшалай балама» 1315мың теңгені құрады.

«Сақтандырушылар мен қайта сақтандырушылардан алуға сақтандыру сыйақысы» бабы бойынша 01.01.20 ж. 145435 мың теңгені құрады. Дебиторлық қарыз 3 338 мың теңге, оның ішінде есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімдік қарызы 1 650 мың теңге, берілген аванс 1688 мың теңге. Алуға комиссиялық сыйақылар 19700 мың теңге құрайды. 01.01.20 жылы жайғастырылған Салымдар балансының бабы 312 581 мың теңгені құрайды, пайдалануға шектеу жок.

Жедел салымдар «БанкЦентрКредит» АҚ ашылған, оның ішінде негізгі салым сомасы 312221 мың теңге, сыйақы сомасы 360 мың теңге. Басқа заңды тұлғаларға

Серіктестікпен салынатын инвестициялардың негізінде 12.11.2018 жылғы қатысушылардың отырысының шешімімен еншілес компания ашылды: МОИ Insurance Brokers Asia ООО *(Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ., индекс 100059, Аксарай ауданы, 3 проезд Джамбула қ., 35 үй)* — жарғылық капиталдағы 95% үлесі, бұл 7 321,00 мың теңгені құрайды. Компания балансында жыл соңында

тауарлық-материалдық қорлардың жалпы сомасы 1625 мың теңге. Компанияның материалдық емес активтері 5379 мың теңге. Негізгі құралдардың баланстық құны 104428 мың теңге, оның ішінде жер телімі 120 мың теңге, кенсе бөлмелері 101436 мың теңге, басқа негізгі құралдар 2872 мың теңге. Келешектегі шығындар 593 мың теңге, ағымдағы салықтық актив 14 мың теңге.

01.01.20 ж. компанияның міндеттері 196544 мың теңге құрайды. Олардың қысқа мерзімдік қарызына жабықтаушылар мен мердігерлердің қарызы кіреді және 2517 мың теңге құрайды. Салық және басқа да міндетті бюджеттік төлемдер бойынша бюджет алдындағы міндеттеме 15381 мың теңгені құрайды. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме 8844 мың теңге. Қайта сақтындырушылармен

есептеулер 145435 мың теңге. Сақтандыру *(қайта сақтандыру)* қызметі бойынша делдалдармен есептесу 10816 мың теңгені құрайды. Бағалаушы міндеттерге

есептелген міндеттер бойынша төленбеген сомалар кіреді, оның ішінде төлеу мерзімі келмеген пайдаланылмаған демалыстар бойынша қарыз және ол 9296 мың теңгені құрайды. Компанияның басқа да міндеттері енбекақыны, ФГСВ

(мың теңге)



төлеу бойынша қызметкерлерге қарызымен келтірілген және 4255 мың теңге құрайды.

Жарғылық капиталдың көлемі 10 000 мың теңге. Қайта бағалау нәтижелеріне негізгі құралдарды қайта бағалауға резерв кіреді және 16661 мың теңге.

Таратылмаған пайда *(жабылмаған шығын)* 378524 мың теңге, оның ішінде алдағы жылдарда 326893 мың теңге, есептік кезең пайдасы 51631 мың теңге.

Пайда мен шығын туралы есеп

Сыйақы алумен байланысты табыс 3612 мың теңге, оның ішінде жайғастырылған салымдар бойынша сыйақы түріндегі табыс 3612 мың теңге.

Серіктестіктің негізгі қызмет түрлері сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша брокерлік қызмет. Брокерлік комиссиялық сыйақы түріндегі табыс 350209 мың теңгені құрады.

Шетел валютасын қайта бағалаудан *(нетто)* табыс *(шығын)* 3957 мың теңге. Басқа шығындар 10482 мың теңге, оның ішінде шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығындар 8075 мың теңге, басқа да шығындар 2407 мың теңге.

Сақтандыру брокерінің қызметі *(қосалқы брокерлік)* бойынша комиссиялық сыйақы төлеу бойынша шығындар 18064 мың теңгені құрады.

Операциялық шығындар 271621 мың теңге. Басқа да шығындар 13557 мың теңге, оның ішінде шетел валютасын сатып алу-сату бойынша шығындар 10894 мың теңге, демалыстар бойынша резерв 1643 мың теңге, басқа да шығындар 1020 мың теңге.

Негізгі қызметтен корпоративтік кіріс салығы 13 387 мың теңге.

Ақшаның қозғалысы туралы есеп

Серіктестік ақшаның қозғалысы туралы есеп үшін жанама әдісті пайдаланады. «Ақшаның қозғалысы туралы есеп» ХКЕС (IAS) 7 регламенттеледі және есептік мерзімдегі ақшалай қаражаттың ағынын білдіреді де, келесідей жіктелді:

- операциялық қызмет — компания қызметінен түсетін негізгі пайда
- инвестициялық қызмет — ақшалай баламаға жатпайтын ұзақ мерзімді активтерді және басқа да инвестицияларды сатып алу және сату;
- қаржы қызметі — өзіндік капиталдағы көлем мен құрамаға, компанияның қарыз алған құралдарына өзгерістерді әкелетін қызмет.

Өзіндік капиталдағы өзгерістер туралы есеп

Өзіндік капиталдағы өзгерістер туралы есеп есеп беру кезеңіндегі таза активтердің өзгеруін көрсетеді. Өзіндік капиталдағы өзгерістер Серіктестіктің қызмет етуі нәтижесінде пайда болған басқа шығындар мен табыстардың қорытынды сомасын көрсетеді.

Қатысушылардың 15.03.2019 жылдағы отырысында Серіктестік дивидендтерді жариялады және 36 000 мың теңге көлемінде төледі.

Басқарушы директор
Бас бухгалтер

Қасымқанова Г.А.
Тұрлыбекова Д.О.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«МОИ (МОИ) страховый брокер»
ЖШС-ң қатысушылары мен басшылығына

Пікір

Біз «МОИ (МОИ) страховый брокер» ЖШС-ң *(бұдан әрі «Компания»)* 2019 жылдың 31 жел



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



АСЫА
ҚАЗЫНА

Көгентүп беру



Көгентүп беру (*ғұрып*). Малды адамдар жақын туған-туыстарының кішкентай баласына бұзау, құлын, козы, лак, ботаның бірін атайды. Бұл - көгентап беру. Атаған көгентаптын кейін бермей кету — өнегесіздік, дүниесіздік деп саналады.

Қазан шегелеу

Қазан шегелеу (*ғұрып*). Жақын туыс, әзіл-қалжыны жарасқан адамдардың үйіне екі-үш адам бірге барып: «Осы үйдің қазанын шегелей келдік» дейді. Бұл олардың түстеніп, ет жеуге келгендігі. Үй иесі оған әзілмен жауап қайтарып: «Жақсы болды, қазан шегелейтін адам таба алмай отыр едік» деп қонақжайлық танытады, ет асып қонақасы береді.



Босаға майлау



Босаға майлау (*ғұрып*). Жастар шаңырақ құрғанда немесе біреу жаңа үй алғанда жақын туған-туыстары келіп, жаңа үйдің босағасына май жағу салтын жасайды. Ол осы үй берекелі, майдай жұғымды, көптің үйі болсын деген ниетпен туған. Босағасын майлаған адамға шаңырақ иелері кәде береді.

БАЛА
БЕЙНЕ

Мен Алматы облысы Ұйғыр ауданына қарасты Сүмбе деп аталатын тау бөктеріндегі табиғаты көркем елді мекенде дүниеге келдім. Балалық шақ дейтін ғажайып сәттердің күесі — осы ауыл. Бірінші сыныпқа барғанға дейін өте тентек, шатақ бала болып өстім. Біз ауылдағы көпбалалы отбасының бірі едік. Менен үлкен Жомарт дейтін ағам бар. Бір күні сол ағам ескі балалар арбасының ішіне жатып алып, ыңылдап әндетті. Менен кейінгі інім екеуміз арбаны айналыштықтап, қолымызда шыбығымыз бар, ойнап жүрміз. Бір сәтте қарасак, арбаның жабындысынан ағамның басы шодырайып шығып тұр. Шыбықпен 1-2 рет ұрып көріп едім, ағама ұнаған болуы керек «тағы да ұр», — деді. Осылайша бірнеше рет қайталап ұрдым. «Әй, мынаған шыбық жағып жатқан сияқты», бұдан да қаттырақ



Жарас СӘРСЕК, ақын:

Ең «ұлы қорған» төсектің асты егі

зат бар ма екен деп жан-жағыма қарасам, жерде балға жатыр екен. Дәл сол тұста балғаны алып, басынан ұрып қалып едім, ағам баж етіп атып шықты да менің жаңымды көзіме көрсетті. Осы оқиға әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Сондай-ақ менің Жарқын дейтін тетелес ағам бар. Әкемізден көргенімізді істейміз ғой, әкеміз шалғы тартады. Ал біздің шалғы тартуға күшіміз жетпейтін кез. Бір күні бақшада ағам кішкентай орақпен шөп орып жүр екен. Орақты маған беруін өтіндім. Ол бергісі келмейді.

— Бер, — деймін.
— Бермеймін, — дейді. Қайта-қайта өршеленіп:
— Бер, бер, — деймін.
Ол да қайтпайды:
— Бермеймін, — дейді.
«Бермесен көресің», — деп ағаммен алыса кеттім. Ағамның менен жасы үлкендеу болғанымен, бойы шағындау еді. Әйтеуір арпалыста ағамның қолындағы орақты алып алдым. Ол маған қарай ұмтыла берген кезде, орақпен осып қалдым. Орақ оның балтырына тиген екен, қан сау етіп ақты. Енді қайттік...

Кешке жақын анамыз жұмыстан келуі керек. Ағамды үйге сүйреп әкеліп, төсекке жатқызып үстің көрпемен жауып қойдым. Кешке анамыз жұмыстан келді. Келді де төсекте жатқан Жарқынға:
— Неғып жатырсың, — деді.
— Жәй, жатырмын, — дейді ол. Ағама «ешкімге айтпа» деп ескертіп қойғам. Содан кеш түсті. Кешкі асқа шақырды анамыз. Ағам төсекте әлі жатыр. Бір



сәтте анам қасына барды да көрпелі ашып қалды. Қан деген ақ жаймаға әбден малшынып қалған екен. Сол күні анамыздан сыбағамызды алдық. Анамның оқтауынан қорғану үшін, төсектің астына қарай жүгіремін. Анамыздан қорғанудың амалы сол болатын. Сол сәттен бері төсектің асты менің ең «ұлы қорғаным» болды. Төсектің астына қалай кіремін, анам ұруын тоқтатады. Төсектің астына кіре алмайды ғой. Кішкентай кезімдегі бір ғажап мекен сол төсектің асты еді. Көп бала болғандықтан, тентектік көп. Анамыздың жүйкесіне әбден тиеміз. Үйдің ішін басымызға көтереміз, айғайлаймыз, шулаймыз. Бір-бірімізбен алысып-жұлысамыз. Сондай бір кездерде анамыз қатты ашуланады. Бөрімізді бір таяқтап алады. Ал әкеміз өте жуас адам болды. Қақ-соқпен жұмысы жоқ. Бізді көбінесе жазалайтын анамыз еді. Осындай сәттерде кешкі ас алдында мен өзімнен кейін Нұрбол дейтін інімді ертіп ақырын үйден шығамыз. Содан қорықты жағалап, дөң-дөңді асып үйден біршама қашыққа кетіп қаламыз. Күн болса сақын, қаранғы.

Мұздай бастаймыз. Біздің соңымыздан анамыз іздеп бірінші баққа келеді. Біз дөңнің астынан бақылап жатамыз. Анамыз «айналайын, балаларым, жүріңдер» деп өбектеп шақырады. Қасына үлкеніміз Жомартты ертіп алып іздеуге шығады. Сондағы қарсыласқан түріміз ғой. Үнімізді шығармаймыз.

«Мұздап қалды-ау» деп анамыз аһлеп-үһлеп үйге қайтады. Біз де қатты тоңғанымыздан үйге беттейміз. Үйге кірген бетте жазалаудың екіншісі күтіп тұрады. Анамыз тағы да бір сабап алатын.

Сөйтіп өскен баламыз. Бұл мінездің бәрі мен қалай бірінші класқа бардым, бірте-бірте қалды. Мектепте жүрген кезде көркемөнерпаздар үйірмесіне қатыстым. Домбыра тартатынымын. Оркестрде ойнаймыз. Ән саламын. Шамасы төртінші класта болса керек, ауылдың ескі клубында әр мереке сайын концерт береміз. Сондай бір мерекелік концерттің бірінде жеке ән орындайтын болдым. Концерт жүргізуші «орындалатын әннің аты «Арман», сахнада 4-сыныптың оқушысы Жарас Сәрсек» деп хабарлады. Сахнаға атып шықтым. Залда отырғандар қыран-топан күлкіге басты. Не болып қалды деймін! Күлкі тыйылар емес. Мен тұрмын сахнада. Жан-жағыма қараймын. Күлетін ештеңе байқалмайды. Үстіме қараймын. Сөйтсем, шалбарымның ауы ашылып қалған екен. Ауымнан аппақ жейдеменің етегі шығып, жұрттың күлгені сол екен. Сол сәтте ауымды бірден түймелеп, әнімді бастап кеттім. Менің орнымда басқа біреу болса, ұялып, сахнадан кетіп қалуы мүмкін еді. Ал мен әнімді айтып, жұрттың ықыласына бөлендім.

Жазып алған Гүлім РЫСКҰЛ

ОНЛАЙН-
ҚЫЗМЕТ

АХАТ ҚЫЗМЕТІ «ЭЛЕКТРОНДЫҚ
ҮКІМЕТКЕ» СҮЙЕНЕДІ



Елімізде электрондық үкімет порталы алғаш рет 2006 жылы іске қосылды. Содан бері ол жұртшылық арасында асқан сұранысқа ие болды. Бүгінде «Электрондық үкімет» порталы (www.egov.kz) арқылы 900-ден астам қызмет көрсетіледі. Порталдың танымалдығы жылдан-жылға артып

келеді. Өйткені ол үйден шықпай-ақ, интернет, электрондық терминал және мобильді қосымша арқылы мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді. Әсіресе, бұл қызметтің қаншалықты қажет және тиімді екені карантин кезінде анық байқалды. Тұрғындар бүкіл қызметке осы egov арқылы қол жеткізді.

Электрондық қызметтің қолжетімділігі арқасында азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаны онлайн түрде әрі тегін алу мүмкіндігін иеленді. Бүгінде осы порталдан қандай да бір мемлекеттік қызмет туралы кез келген ақпаратты табуға, анықтаманы онлайн алуға және кезекте уақыт

жұмсамай-ақ, мемлекеттік бажды бірден төлеуге болады. Қызмет көрсету мерзімі де қысқарды. Мысалы, тууды тіркеу — 3 күн, некені тіркеу — бір ай (*дәлелді себептер болған жағдайда мерзімін қысқартуға болады*), сот шешімі бойынша некені бұзу — 2 күн, әке болуды анықтауды және бала асырап алуды тіркеу — өтініш берген күні, қайтыс болуды тіркеу 1 күн ішінде, қайталама куәліктер мен анықтамалар беру — 3 күн (*ХҚКО арқылы — 5 күн*).

Қазір ең танымал қызметтер — некені тіркеу және баланың тууын тіркеуге өтініш беру. Жоспарланған неке кию күнінен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде онлайн-өтінішті толтыру, мемлекеттік баж салығын төлеу — өтініш берушілерден талап етілетіні осы ғана. Нәрестенің тууын тіркеу тіпті де тегін.

Ал сіз egov электрондық үкімет қызметін пайдаланасыз ба?

Самал АХМЕТОВА,
Алматы қаласы
Әуезов ауданы
әкім аппараты
АХАТ бөлімінің
бас маманы

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші
Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым
Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріші
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Талғатжан МҰХАМАДИЕВ — Шығыс Қазақстан облысы

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2209;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VRY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.